

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

**АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ**

Медеу ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу
2 наурызда, сағат 9.00-де
С.Нұрмағамбетов көшесі, 69
мекенжайындағы №168
мектеп-гимназиясында
өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Медеу әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



**ҒЫЛЫМ –
мемлекет әлеуетін
еселейді**

5

ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ!



**ҚАЗАҚТАЙ ДАРХАН
ЕЛ БАР МА!..**

6

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.02.2023

Түнде:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

1.03.2023

Түнде:

0,-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №29 (6322) 28 ақпан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official | www.facebook.com/aqshamy.official | www.youtube.com/channel/UCx23M2x1Chx6Br1JgqyqeA | web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz | vk.com/aqshamy.official | twitter.com/aqshamy_kz

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Бұл күні біз елді өркендететін тату тіршілік пен жарасымды сыйластық жолындағы ниетіміздің тоғысқаны үшін бір-бірімізге алғыс айтамыз.
Бұл күні халқымыздың бір-біріне өзара қамқорлығы, мызғымас береке-бірлігі мен ынтымағы кеңінен дәріптеледі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

наурыз
**1 АЛҒЫС
АЙТУ КҮНІ**

Қазақтың сөздері ғажап қой! Бір ауыз сөзімен жаныңызды елжіретіп, жүрегіңізді жібітіп жібереді. Мұндай халыққа риза болмау, өліп-өшіп жақсы көрмеу мүмкін емес. Оны айтасыз, сонау дүрбелең жылдары, соғыс оты өршіп, қиын-қыстау күндерді бастан кешкен замандарда қанша ұлт пен ұлыстың өкілдеріне пана болған кеңшілігін айтсаңызшы! Осылар еске түскенде, қазақтың өз сөзін өзіне айтқымыз келеді. «Сіздер барда – біз бармыз!». Барлығы үшін мың Алғыс!

6,7,12

БАҚЫЛАУ

«АЛТЫН ОРДА»

кешендерінің жай-күйімен танысты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚР Сауда және интеграция министрінің бірінші орынбасы Арман Шаққалиев жергілікті атқарушы орган басшыларымен бірге «Алтын Орда» базарына қарасты кешендердің жай-күйімен танысты.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Премьер-Министр Әлихан Смайыловты қабылдады.
- Президент «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.
- Мемлекет басшысы жаңа заңдарға қол қойды.
- Бүгін АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Қазақстанға ресми сапармен келеді.
- Үкіметтің бүгінгі отырысында су тасқыны кезеңіне дайындық, халыққа онкологиялық көмек көрсету мәселелері қаралады.
- Алматы қаласының әкімі білім беру жүйесін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған өңірлік жол картасына қол қойды.
- Сайлау–2023: дауыс беруге арналған бюллетеньдер түрлі-түсті болады.
- Елімізде бірінші «Наурыз» Ұлттық телехикаялар бәйгесі басталды.
- Қазақстанның Ресейдегі сауда өкілдігі ресми түрде таратылды.
- Алматылық 18 мыңдай педагог біліктілікті арттыру курсынан өтеді.
- Алматыда есірткі сатумен айналысқан қылмыстық топ құрықталды.
- Ертең Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні аясында дабыл қағылады.
- Қазақстанда жаңа мыс зауыты салынады.

www.almaty-akshamy.kz

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Премьер-Министр Әлихан Смайыловты қабылдады. Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін нақтылау мәселелері баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдік экономиканың өсіміне қатысты болжамдардың, сондай-ақ осы жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің бұған дейін мақұлданған деңгейде сақталып отырғаны жөнінде мәлімет берілді. Қазақстанның ЖІӨ-нің нақты өсімі 4 пайыз, ал мұнай бағасы барреліне 85 доллар болады деп жоспарланып отыр.

Премьер-Министрдің айтуынша, бюджет шығыстарын ішкі қайта бөлу және бюджет түсімдерін арттыру есебінен 2,2 триллион теңгені нақтылау жоспарланып отыр. Осы ретте шағын және моноқалаларды дамытуға, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға, елді мекендерді газбен қамтамасыз етуге, жылумен қамту жүйелерін салуға және реконструкциялауға, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға, сондай-ақ ауыл халқын жаппай жұмыспен қамту үшін жағдай жасауға қосымша қаржы бөлу көзделген. Көлік инфрақұрылымы мен логистика саласын дамыту үшін жолдар салуға және реконструкциялауға қаржы бөлу, пойыздарды жаңарту, жолаушылар вагондарын сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібіндегі ірі жобаларға, елдің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін армияны жаңғыртуға және әскери қызмет жағдайын жақсартуға қосымша қаражат бөлу көзделіп отыр.

Кездесу соңында Президент елдің дамуына әлеуметтік-экономикалық тұрғыда барынша оң ықпал ету мақсатында бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылауды күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

■ ПАРЛАМЕНТ

Мәулен Әшімбаев: «Инклюзивті спорт түрлері ерекше балаларға дене шынықтыруға және ортаға бейімделуге мүмкіндік береді».

Сенат Төрағасы боччадан Астана қалалық турнирінің ашылу рәсіміне қатысты. Сайыс аталған Паралимпиадалық спорт түрін алғашқы жаттықтырушы және елордалық Бочча федерациясының бірінші президенті Сұлтанбек Орынбасаровты еске алуға арналды.

Сенат бұл бағыттағы спортшыларға жан-жақты, оның ішінде заңнамалық деңгейде де қолдау көрсетуді жалғастыра беретіні айтылды. Осы ретте Қазақстан бочча федерациясының кезектен тыс конференциясында Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев аталған Федерацияның президенті болып сайланғанын атап өткен жөн. Ұйымдастырушылар атап өткендей, мұндай сайыстар мүгедектігі бар балалардың ортаға бейімделуіне және өзгелермен қарым-қатынас жасау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Бұл жолғы жарысқа 50-ден астам спортшы қатысты. Бақ сынағандардың қатарында ДЦП, көзі көрмеу, Даун синдромы, аутизм, интеллекттің бұзылуы, психикалық дамудың баяулығы және басқа да дертке шалдыққан балалар мен ересек азаматтар бар. Олардың басым бөлігі «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының бейімдеу спорт үйірмелеріне қатысушылар. Мұндай үйірмелер «Саламатты Қазақстан» әлеуметтік жобасы аясында еліміз бойынша ашылған болатын.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте жаңа газ өңдеу зауыттарын іске қосу мәселелері талқыланды, ішкі нарық үшін тауарлық газ өндірісін ұлғайту жөніндегі жоспарлар қаралды.

Қатысушылар Қашаған кен орнында жаңа жобаларды іске асыру, атап айтқанда қуаты 1 млрд м³ газ өңдеу зауытын салу мәселелерін талқылады. Қазіргі уақытта ол жерде құрылыс-монтаждау жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіліп отыр. Кәсіпорын 2025 жылы іске қосылады деп күтілуде. Оған қоса, кен орнында мұнай өндіру көлемін ұлғайту аясында қуаты 4 млрд м³ болатын тағы бір ірі газ зауытының құрылысы пысықталуда. Жобаны екі кезеңде, яғни 2 млрд м³-ден екі желі бойынша іске асыру жоспарлануда. Премьер-Министр дайындық жұмыстарын жеделдетіп, жақын арада жаңа газ зауыты бойынша Жол картасына қол қою қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, кеңесте газ транзиті мен импортының кейбір мәселелері қаралды.

■ «ҚОРҒАС»

Жетісу облысында Үкімет басшысының төрағалығымен өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Экономикалық блок мәселелері туралы сөз қозғаған Премьер-Министр логистиканы дамыту облыстағы перспективалы бағыттардың бірі екенін атап өтті. Ол пандемия басталғаннан бері «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы тоқтап тұрғанын, алайда қазіргі уақытта қытай тарапымен оны ашу туралы келісімге қол жеткізілгені туралы айтты. «Қорғас» жақын арада өз жұмысын бастауы тиіс. Енді дайындық жұмыстарын жеделдетіп, Орталық қызметіне тартылған барлық құрылымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету керек», – деді Үкімет басшысы. Сонымен қатар, Әлихан Смайылов 6 ауылда сумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау мен салуға, 15 апаттық жағдайдағы көпірді жөндеуге, Ақсу орталық аудандық ауруханасын жөндеуге және сейсмикалық жағынан күшейтуге қаражат бөлу мәселелерін қарастыру, сондай-ақ Кербұлақ ауданының ауруханасын жөндеуге және Талдықорғанда 500 қабылдауға арналған емхана салуға қаражат қарастыру қажеттігіне назар аударды. Энергетика министрлігіне Алакөл жағалауындағы туристік нысандарды үздіксіз электрмен жабдықтау үшін желілер құрылысын кезек-кезекпен қаржыландыру мәселесін қарастыру, Ұлттық экономика министрлігіне инженерлік инфрақұрылым салу және Балқаш көлінің жағалауын абаттандыру жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін анықтау тапсырылды.

■ САЙЛАУ-2023

Орталық сайлау комиссиясының мүшелері Константин Петров пен Сәбила Мұстафина 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу мәселелері бойынша Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстарында өткен көшпелі семинар-кеңестерге қатысты.

Орталық сайлау комиссиясының мүшелері қатысушыларға сайлау заңнамасының барлық жаңалықтарын және сайлау алдындағы үгітті қаржыландыру мәселелерін түсіндірді. Алматы қаласында және өңірлерде аумақтық сайлау комиссиялары үшін нақты кейстер негізінде іскерлік ойын түрінде тренингтер өткізілді. Ұйымдастырылған ойын барысында сайлау комиссияларының мүшелері дауыс берудің барлық барысын қамтитын учаскелерде дауыс беру процесін көрсетті. Олар дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссияларының дауыс берушілерді тіркеуден бастап, бюллетеньдер беру және барлық жұмыс аяқталғанға дейін қалай жұмыс істейтінін көрсетті. Семинар-кеңес соңында Орталық сайлау комиссиясының мүшелері аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін қызықтыратын барлық сұрақтарға жауап берді. Дауыс беру күні мүгедектігі бар азаматтарды сайлау учаскелеріне жеткізу үшін «Инватакси» қызметі автокөліктерінің жұмысын ұйымдастыру жоспарлануда. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында барлық өңірлерде Call-орталықтар, сондай-ақ телеграмм-бот және «Сайлаушылар тізімінде өзіндік тексер» онлайн-сервисі жұмыс істейді. Тәулік бойы бір уақытта 10 қоңырауды қабылдай алатын бірыңғай байланыс орталығы бар.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, ҚР ОСК баспасөз қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

● БІЛІМ: ЖОЛ КАРТАСЫ

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Оқу-ағарту министрлігі мен Алматы әкімдігі білім беру жүйесін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған өңірлік жол картасына қол қойды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру жүйесін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған өңірлік жол картасына қол қойды.

Рая ЕСКЕНДІР

– Өткен жылдың қыркүйегінде қабылданған «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» іске асыру аясында біз жол карталарын, оның ішінде сапалы білім беруді дамыту бойынша жол карталарын әзірледік. Біз қол қойған Жол картасы орта білім беру мәселелерін шешу, педагогтарымыздың біліктілігін арттыру және басқа да маңызды мәселелермен толықтырылғанына қуаныштымын, – деді өз сөзінде шаһар басшысы Ерболат Досаев.

Алматы қаласы әкімшілігінің жоспарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығы мәселесін шешу үшін 2029 жылға дейін балабақшаларда мемлекеттік тапсырысты 35 мың орынға ұлғайту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мектептердегі оқушы орындарының тапшылығы мәселесі де белсенді түрде шешімін тауып жатыр. Дәл қазіргі кезде қалалық әкімшілік «Жайлы мектеп» жобасын қолға алып, 2023 жылдан бастап республикалық бюджет есебінен 37 мың оқушыға арналған 22

мектептің құрылысы басталмақшы. Бұған қоса, орта білім беру ұйымдарына тағы 30 мектеп пен 9 қосымша құрылыс салу 2025 жылға дейін оқушы орындарының тапшылығын 23 мыңға жуық төмендетуге мүмкіндік беретін болады. Сонымен қатар, 50 білім беру нысанын жаңарту жоспарланып, екі жүзге жуық мектеп жаңа бұйынның пәндік кабинеттерін алатын болады.

Алматы мектептерінің екі мыңға жуық педагогі жыл сайын біліктілікті арттыру курстарынан өтіп келсе, ағымдағы жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың алғашқы өңірлік ресурстық орталығы пайда болады.

Келесі кезекте Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев сөз алып, білім беру жүйесін дамыту бағытында қолға алынып жатқан жұмыстармен таныстырды.

– Алматының 18 мыңға жуық педагогі біліктілікті арттыру курстарынан өтеді, мектептердің басқарушылық құрамының 450 өкілі халықаралық менеджмент бағдарламаларын оқиды. Бұған қоса, тағы 9 мың педагог функционалдық сауаттылықты, цифрлық құзыреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыру бағдарламалары бойынша тағылымдамадан өтеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тегін техникалық және кәсіптік біліммен 100% қамтуды қамтамасыз ету үшін колледждерде мемлекеттік тапсырысты 20 мыңнан астам орынға ұлғайту жоспарлануда, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Кездесу барысында Алматы қаласының білім жүйесін дамыту мақсатында қолға алынып жатқан

жұмыстар туралы да кеңінен айтылды. Мәселен, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қолжетімділігі мен сапасын арттыру әлі де маңызды күйінде қалып отырса, 2025 жылға дейін 300 төсектік жатақханасы бар екі жаңа колледж құрылысын бастау жоспарда тұрған көрінеді. Сондай ақ, 4 мыңға жуық ТЖКБ оқытушылары біліктілікті арттыру курстарынан, 600 арнайы пән мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлері халықаралық тағылымдамадан өтетін болады. Ал 85 колледждің басшылық құрамы менеджмент бағыты бойынша біліктілігін арттырады.

Сонымен қатар, бірқатар іс-шаралар инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталып отыр. Алдағы уақытта психологиялық-педагогикалық-педагогикалық консультациялар желісін, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін кеңейту, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмекке мемлекеттік тапсырысты 1400 орынға ұлғайту және қалалық инклюзивті ресурстық орталық құру жоспарлануда.

Бұған қоса, қаламызда төрт инновациялық шығармашылық орталығын, екі жазғы лагерь салу, қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын болдырмау бағытындағы жұмыстарды қамтыды.

● ТУРИЗМ

АЛМАТЫ – ЕҢ ТАРТЫМДЫ ҚАЛА

Дос ОРЫНБЕКҮЛЫ

Сарапшылардың мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанға жыл басынан бері Ресейден – 58,2 мыңнан астам, Үндістаннан – 3 мыңдай, Түркиядан – 2,5 мыңға жуық, АҚШ пен Германия елдерінің әрқайсысынан – 1,4 мыңға жуық, Ұлыбританиядан – 1,2 мыңға жуық турист келген екен. Бұдан бөлек, аймақтағы көршілес мемлекеттер – Өзбекстан (11,2 мыңнан астам), Қырғызстан (3 мыңдай), ҚХР (2,3 мыңнан

астам), Тәжікстан (2,3 мыңнан астам) елдерінің мыңдаған азаматтарының туристік тандауы да Қазақстанға тускен.

«Туристердің негізгі бөлігі Алматы және Астана қонақүйлеріне тоқтайды. Ең көп сұранысқа ие үздік ондыққа кірген көрікті мекенде осы екі мегаполистің қонақүйлері бар. Бұл ретте жыл басынан бері қонақтарды Қазақстан бойынша 16654 жеке және 6746 заңды тұлға қабылдағанын айту ләзім», – деді ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.

Осы орайда, туристер көп бара-

тын ең тартымды қала атағы оңтүстік мегаполистің еншісінде. Жыл басынан бері Алматыға 40 мыңдай турист келіпті. Меймандарды көп қабылдаған екінші қала – елордамыз Астананы 22 мыңнан астам турист тандапты. Одан кейінгі қонақтары көп қалалар тізімі мекендегідей: Ақтөбе облысы – 4733 адам, Атырау облысы – 4212, Маңғыстау облысы – 3023, Батыс Қазақстан облысы – 2778, Павлодар облысы – 2719, Солтүстік Қазақстан облысы – 2651), Шымкент қаласы – 2586 және Қарағанды облысы – 2573 турист.



ЕЛІМІЗДЕГІ ӨМІР САПАСЫНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының стратегиялық мақсаты – заманауи әлемдегі өмір сапасы стандарттарын Қазақстанға енгізу, аз қамтылған отбасылардың табысын тұрақты ұлғайтып отыру, мемлекеттің өсіп-дамуына, сондай-ақ ел тұтастығына кедергі келтіретін кедейлер мен байлар арасындағы алшақтықты жою.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) сайлауалды бағдарламасы «Қазақстандықтардың өмір сапасы стандартын» енгізуді ұсынады. Онда адамның дұрыс тамақтануы, киім, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызметтер, ақпарат, демалысқа қатысты қажеттіліктері ескеріледі. Зерттеу барысында анықталған азаматтардың әрбір тобы үшін негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша арнайы бағдарламалар әзірленбек.

Еліміздің ұлан-ғайыр табиғи байлығын ескеретін болсақ, қазақстандықтар әлемнің үздік стандарттары деңгейінде өмір сүруі тиіс. Өйткені, Қазақстан табиғи ресурстар қоры бойынша әлемде алтыншы, ауданы бойынша тоғызыншы, уран өндіру бойынша бірінші, ал уранның қоры бойынша екінші орында. Біз мұнай, газ, титан, магний, қалайы, уран, алтын және басқа да түсті металдар қоры бойынша әлемдегі ең бай елдердің біріміз.

Бүгінде қазақстандықтар осы байлықтың иесі ретінде өздерін сезіне ме?

Күні кеше Астанада өткен «дөңгелек үстел» кезінде ЖСДП төрағасы Асхат Рақымжанов: «Біз ауылдарға жасаған сапарларымыз барысында нашар жолдар мен «үзілген үміттерге» куә болдық. 1,5 мыңға жуық елді мекен интернеттің не екенін білмейді. Оны қойшы,

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ

Жемқорлықты жоямыз!

Кедейшілікті жеңеміз!

Сен жақсы өмір сүруге лайықтысың!



19 НАУРЫЗ
2023 ж.

osdp.kz @osdp.kz osdpmedia osdp.kz osdp.kz

6 мыңнан астам шаңырақ электр желілеріне қосылмаған. Олар фермаларда немесе елден жырақ, шалғай жерлерде өмір сүріп отыр. Бүгінгі күні барлық аймақтар ауысумен қамтылып отыр деп айта алмаймыз, өткізілген жерлердің өзінде су сапасы көңіл көншітпейді. Бұл болса, біздің денсаулығымызға тікелей әсерін тигізетін фактор. Қай салада болмасын, білім беру, денсаулық сақтау, ТКШ,

құрылыс – үкіметтің Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылдан астам уақытта салалардағы бірде-бір бағдарламаларды қисынды аяқтаған жоқ», – деп атап көрсетті.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы еліміздегі кедейлікті есептеудің бірыңғай әдістемесін қабылдауды ұсынады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, Қазақстан азаматтарының 15%-ы кедей. Бі-

рақ ресми статистика халықтың тек 5,1%-ы күнкөріс деңгейінен төмен табыспен өмір сүретінін көрсетуде.

«Билік белгілеген 100 доллардан сәл ғана асатын «күнкөріс деңгейінің» азаматтарымыздың нақты қажеттіліктеріне ешқандай жетпейтіндігі және әлеуметтік саясаттың негізі бола алмайтыны бесенеден белгілі», делінген партия бағдарламасында.

Жалпыұлттық Социал-демократиялық партиясының сайлау қоры қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Т.Д.Самбетбай.

БАҚЫЛАУ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«АЛТЫН ОРДА»

кешендерінің жай-күйімен танысты

(Басы 1-бетте)

«Алтын Орда» базары республиканың көтерме саудасының 40 пайызын құрайды. Базардың күнделікті келушілері 10 000-ға дейін сатып алушыны құраса, орташа жүктеме 400 көлік көкөніс және жеміс-жидек өнімдері, соның ішінде көршілес елдерден де келеді.

Сонымен қатар, базарлардың жұмысын өркениетті форматқа көшіру шеңберінде Алматы қаласы мен Алматы облысында «контрагенттік» базарлар құру ұсынылады. Бұл базарлардың қызметін ретке келтіретін, көлеңкелі кәсіп айналымын азайтатын, салық түсімдерін арттыратын, отандық тауар өндірушілердің сату нарықтарына тікелей шығуын қамтамасыз ететін сауда

орталықтарын жандандыру негізгі мақсат болып табылады.

2025 жылдың соңына дейін 68 базарды жаңғырту міндеті тұр. Оның 18-і республикалық маңызы бар қалаларда, 50-і басқа өңірлерде орналасқан. Бұл туралы Сауда және интеграция министрінің бірінші орынбасары Арман Шаққалиев мәлім етті.

– Өздеріңіз көріп отырғандай, тиісті жұмыстарды бастап кеттік. 2025 жылға дейін заманауи форматқа көшіп, базарлар модернизациядан өтеді. Сонымен қоса, жаңадан ірі қоймалар салынады. Бұл да көптен көтеріліп жүрген мәселе еді. Енді көкөніс, бақша дақылдарын сақтайтын арнайы орын пайда болатын болады, – деді Арман Абайұлы.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ

АВИТАМИНОЗ

Дәрумен жетіспеушілігіне немқұрайлы қарамаңыз

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте №26 емхананың геронтолог дәрігері Светлана Фазылжанова дәрумен жетіспеушілігінің себептері, белгілері және авитаминоз кезінде кездесетін аурулар туралы баяндады.



А

Айнұр СЕНБАЕВА

Медицина тілінде авитаминоз – адам ағзасында бір немесе бірнеше дәрумендер тобының жетіспеушілігі. Алматылық сарапшы маусымаралық кезеңде адамдардың 60–80 пайызында дәрумен жетіспеушілігін айтты. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды. Өйткені, дәрумен жетіспеушілігінің салдары түрлі ауруларға шалдықтыруы мүмкін.

«Әр адамның ағзасы өзінше ерекше, сондықтан дәрумендерді таңдаған кезде минералды заттар мен олардың көлемі әркімге әрқалай тағайындалады. Кей жағдайда адам ағзасындағы түрлі ауру-

лар дәрумен жетіспеушілігін бірнеше есеге арттырып жібереді. Мәселен, суық тиген кезде аспирин қабылдау ағздан С дәруменінің бөліну жылдамдығын 3 есеге арттырады», – дейді С.Фазылжанова.

Сондай-ақ, дәрігердің айтуынша, жағымсыз белгілер көбінесе бірнеше дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігінің нәтижесінен болады.

«Көктемгі авитаминозбен тиімді күресу үшін қазіргі уақытта ағзаға қандай дәрумендер немесе олардың комбинациясы қажет екенін анықтау маңызды. Күн сайын жетіспейтін дәруменнің нақты мөлшерін толтыруға тырыспау керек екендігі дәлел-

денді. Оның орнына дәрігерлер қажетті дәрумендер мен минералдардың орташа мөлшерін бірнеше күн немесе апта ішінде алуға кеңес береді», – деп түсіндірді спикер.

Дәрумен тапшылығының алдын алудың негізгі қағидасы – дұрыс және теңдестірілген диетаны сақтау. Сонымен қатар, дәрумен жетіспеушілігі кезінде таза ауада жиі серуендеу және тұрақты түрде спорттық жаттығулар жасау жақсы көмектеседі. Маман тамақтанудың негізгі ережелерін елеусіз қалдырмауға және тамақтану рационына жаңа сығылған шырындарды, фрештерді, көкөністердің, жемістердің және көк шөптердің әртүрлілігін қосуды ұсынады.



БАЙҚАУ

ОРТАЛЫҚ СТАДИОН ЖАҢҒЫРАДЫ

Алматыда Спорттық нысандар дирекциясы Орталық стадион мен оған іргелес аумақты қайта құрудың архитектуралық тұжырымдамасын әзірлеуге конкурс жариялайды.



«Жобаның мақсаты – Алматы қаласының Орталық стадионын қайта құрудың архитектуралық тұжырымдамасын және іргелес аумақты қайта құру жобасын әзірлеу кезінде стадион қасбетінің тарихи көрінісін сақтай отырып, алаңдағы орындарды 40 мыңға дейін ұлғайту. Жобаға барлық ғимараттар, ландшафт, спорт аймақтарының орналасуы, тұрақ орындарының орналасуы және т.б. кіруі қажет. Сондай-ақ, UEFA инфрақұрылым регламентінің талаптарына жауап беретін осы

нысанды дамыту мақсатында жобалануы керек, бұл отандық футболды дамытуға және халыққа жаппай спортпен шұғылдануға қосымша серпін береді», – деп хабарлады Алматы қаласы Спорт басқармасының баспасөз қызметі.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласының Орталық стадионы 1959 жылы салынып, пайдалануға берілді. Нысанның дизайны үлкен аренадан тұрады, оның негізгі

бөлігін табиғи футбол корты, жүгіру жолдары мен стендтер алады. Трибуналық кеңістіктегі спорт секторына мамандандырылған спорт залдары (күрес, бокс, семсерлесу), сондай-ақ футбол командаларына арналған көмекші бөлмелер мен әкімшілік кенселер кіреді. Алаңда жасанды шөп жамылғысы бар қосалқы футбол алаңдары, жабық жеңіл атлетика манежі бар.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Алматының әлеуметтік қызметтер үйінде «Азаматтарды қабылдаудың бірыңғай күні» атты жалпы республикалық іс-шара өткізілді.



АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына көшу жөніндегі міндеттерін іске асыру шеңберінде Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева мен басқарманың аудандық бөлімдерінің басшылары халыққа әлеуметтік көмек мәселелері бойынша жеке қабылдау өткізді.

Қабылдау барысында мүгедектігі бар баланың анасынан «Шапағат» әлеуметтік қызметтер орталығы» КММ-не анықтау мәселесі бойынша өтініш қаралды. Өтініш берушіге арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну және тағайындау

тәртібі түсіндірілді. ЖАОБ-на (жеке абилитация және оңалту бағдарламасы) тиісті түзету енгізілген жағдайда және қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынған кезде бала арнаулы әлеуметтік қызметтер алу үшін жартылай стационарға айқындалатын болады. Сонымен қатар, өтініш берушіге Алатау ауданында оңалту орталығын ашуға қатысты, ауданында Қасым Шәріпов көшесі, 47 мекенжайы бойынша орналасқан 80 адамға арналған Орталықтың жұмыс істеп тұрған бөлімшесі бар екендігі түсіндірілді.

Өтініш білдіргендердің қатарында Жетісу ауданының тұрғыны да болды. Екі баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ана мате-

риалдық көмек көрсетуді, азық-түлік жиынтығын ұсынуды және қысқа мерзімді кәсіптік курстардан өтуге жәрдемдесуді сұрады. Қабылдау нәтижелері бойынша өтініш берушінің өтініші қанағаттандырылды.

«Жүрек гүлі» ҚК негізін қалаушы Д.Омарбековаға үй-жайды жөндеуге, сондай-ақ электр жетегі бар кресло-арбамен қамтамасыз етуге қатысты түсініктемелер берілді. Шара аясында барлығы 500-ден астам адам қабылданды. Айта кеткен жөн, қала тұрғындары әлеуметтік қызметтер саласындағы барлық мәселелер бойынша және ұсыныстармен Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жүгіне алады.

СПАРТАКИАДА

ЖЫЛДАМДЫҚ ПЕН ЕПТІЛІК СЫНАЛДЫ

Алматыда «Қалқан» II республикалық спартакиадасының жеңімпаздары марапатталды. Офицерлер үйінде «Қалқан» спорттық турнирінің үздік қатысушыларын марапаттау рәсімі өтті. Республикалық спартакиада шеңберінде жарыстар Алматыда бірнеше күн бойы өтті.



Алматыға республиканың түкпір-түкпірінен келген 17 команда күш, жылдамдық пен ептілік бойынша сыналды. «Жас сарбаз» қозғалысының жас тәрбиеленушілері пневматикалық мылтық арқылы қайсысы жақсы ататынын, шаңғымен жылдам жүгіретінін немесе үш шақырым жүгіре алатынын анықтады. Жігіттер штангаға тартылу бойынша жарысса, бойжеткендер жаттығу

жасады. Нәтижесінде байқаудың әр номинациясы бойынша жеңімпаздар анықталды.

«Жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде «Қалқан» республикалық қысқы спартакиадасының маңызы зор. Ұлдар мен қыздар үшін бұл өзін көрсетудің тамаша мүмкіндігі. Сіз осы мықты, мақсатты жасөспірімдерге қарап, Қазақстанның болашағы сенімді қолдарда екенін түсінесіз», – деді марапаттау рәсімінде Аэро-десант-

тық-шабуылдаушы әскерлер қолбасшысының орынбасары Раджан Жанысов.

Жарыс кестесінің тығыздығына қарамастан жас спортшылар мәдени-сауық бағдарламасына уақыт тапты. «Медеу» спорт кешенін аралап, 842 баспалдақты еңсеріп, бөгетке сауықтыру сатысымен көтерілді.

Бетгі әзірлегендер Досбол АТАЖАН, Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС

ҚР ТЖМ Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс департаменті хабарлағандай, Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні аясында 2023 жылғы 1 наурызға сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесіне республикалық тексеру жүргізу жүргізілмек.

Құлақтандыру жүйесін тексеру барысында электр сиреналарын және сиреналық-сөйлеу құрылғыларын (дауыс зорайтқыштарды) қысқа мерзімге қосу, сондай-ақ теледидар және радиоарналарының эфирін ұстап алуды жүзеге асыру, интернет-ресурстар мен мобильді қосымшаларда ақпаратты орналастыру көзделді. «Баршаның назарына!» дыбыстық сигналы – бұл қауіп төнген немесе төтенше жағдай туындаған кезде барлық шұғыл хабарламаларды берудің алдында халықтың назарын аудару үшін берілетін ескерту сигналы. Дыбыстық сигналды естіген бойда әркім теледидарлар мен радиоқабылдағыштарды қосу керек, интернет-ресурстардағы және мобильді қосымшалардағы ақпаратты туындаған жағдайда одан әрі әрекет ету туралы нұсқаулар алу үшін оқып шығу керек.

Төтенше жағдайлар туралы халықты құлақтандыру және хабардар ету тұрғындарды табиғи құбылыстардың әртүрлі факторларының әсерінен болатын апаттың немесе жойқын әсердің теріс салдарынан қорғауға мүмкіндік беретін негізгі қауіпсіздік шарасы болып табылады. Оның барысында қауіпті өндірістік нысандар мен гидротехникалық құрылыстардағы жергілікті құлақтандыру жүйелерінің жарамдылығы тексерілетін болады.

Құлақтандыру жүйесіне республикалық тексеру жүргізу құлақтандыру жабдығын әзірлікте ұстауға және халықты ықтимал төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған.

ПОЛИЦИЯ

Алматылық полицейлер ұрланған телефондарды сатып алушыны ұстады және шаһардағы есірткі сатушылардың қылмыстық тобын жойды. Бұл туралы Polisia.kz-ке сілтеме жасап, «АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлады.

Жедел уәкілдердің арнайы шаралар нәтижесінде алған дерегіне қарағанда, бірнеше күн бұрын қоғамдық көлікте жолаушыдан ұялы телефондардың бірін ұрлап кеткен күдікті ұсталып, А. есімді азамат уақытша ұстау изоляторына қамалған.

Алматыда сондай-ақ, есірткі сатушылардың қылмыстық тобы құрықталды. Есірткі қылмысына қарсы күрес бөлімінің өкілі хабарлағандай, арнайы жасақ көмегімен жүргізілген іс-шара барысында қаланың әр жерінен бес азамат ұсталған. Күдіктілердің бірінен жалған құжат, сығымдалған гашиш заты салынған төрт орам, 1 млн 150 мың теңге қолма-қол ақша тәркіленді. Оның үйінің қазандығынан жалпы салмағы 4 келіден асатын гашиш есірткі заты салынған 7 полиэтилен орам табылды. Дәл сондай жалған құжат топтың тағы бір мүшесінен – 40 жастағы О. есімді азаматтан да тәркіленген. Арнайы іс-шара аясында заңсыз айналымнан жалпы салмағы 34 келіге жуық гашиш тәркіленді. Күдіктілер қамауға алынды. Полицейлердің айтуынша, Алматыға есірткі жеткізу арнасы анықталған. Қазір шопті әлеуетті пайдаланушылар ауқымы тексерілу үстінде. ҚР ҚПК-нің 201-бабының талаптарына, сондай-ақ ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес, қылмыстық істер бойынша басқа мәліметтерді жария етуге болмайды.

БӘЙГЕ

Бірінші «Наурыз» Ұлттық телехикаялар бәйгесіне өтінім қабылдау басталды.

Отандық сериалдардың контентін кәсіби тұрғыдан бағалайтын «Наурыз» Ұлттық бәйгесі биыл ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен алғаш рет өткізіледі. Оған қатысу үшін өтінім nauрыз-awards.kz сайтында қабылданады және ол 2023 жылдың 15 наурызына дейін жалғасады.

Бәйгеге 2021 жылғы 1 қаңтар – 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында қазақстандық телеарналардың эфирінде, YouTube және басқа да платформаларда көрсетілген сериалдар қатыса алады. Конкурстық өтінімдерді республикалық және аймақтық телевизиялық хабар тарату компаниялары, студиялар, продюсерлік орталықтар және сериалдарды өндіретін медиа индустрияның басқа да ұйымдары бере алады. Конкурс 13 номинация бойынша үздік: тарихи, драмалық, комедиялық сериалдар, веб-сериалдар, актер мен актриса, екінші пландағы актер және актриса, режиссер, сценарист, қоюшы-оператор, монтаж, саундтрек бойынша ұйымдастырылмақ.

Бәйгеңің негізгі мақсаты – сериалдық контентті дамытуды қолдау, отандық және халықаралық онлайн платформаларда қазақстандық телехикаяларды көрермен арасында танымал ету. Жеңімпаз есімдер наурыз айында белгілі болып, оларға NAURYZ арнайы мүсіншесі және 1 миллион теңге көлеміндегі сыйақы табысталады.

НАУРЫЗ–2023

Ертең – көктем маусымының алғашқы күні. Биылғы наурыз айында бес күндік жұмыс аптасында жұмыс істейтін қазақстандықтар 12 күн демалады.

Алғашқы көктем мерекесі – Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз сәрсенбіге сәйкес келгендіктен, бұл күн демалыс. Наурыз мейрамы мерекесі аптаның ортасына түседі, сондықтан бұл жұмыс аптасы қысқа: қазақстандықтар сейсенбіде, сәрсенбіде және бейсенбіде – 21, 22 және 23 наурыз күндері демалады. Демек, сенбілік, жексенбілік күндерді айтапағанда, мерекелерге орай қосымша 4 күндік демалыс бар. Наурыз айында оқушылар 18 наурыздан 26 наурызға дейін көктемгі демалысқа шығатыны белгілі.

«АТА ЖОЛЫ»

2023 жылғы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Ата жолы» картасын 5 мың адамға беруді жоспарлап отыр.

Министрліктің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарында көрсетілгендей, бұл карта негерлерінің саны 2027 жылға қарай 40 мың адамға жетуі тиіс. «Ата жолы» картасы шетелдерде тұратын, сол елде табысты бизнес-кейстерді іске асырған және оларды Қазақстанда жүзеге асыруға ниетті қандастарымызға беріледі. Сол арқылы этникалық қазақтар 10 жылға жеңілдетілген виза рәсімдеп, Қазақстанда өз кәсібін дамытуға мүмкіндік алады.

GOSAGRO.KZ

Қазақстандық фермерлер 1 ақпаннан бастап gosagro.kz порталында жалпы сомасы 17,1 млрд теңгеге субсидия алуға 3067 өтінім берді. 134,6 млн теңгеге өтінім мақұлданып, оның 20 млн теңгесі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге төленді, деп хабарлайды ҚР АШМ баспасөз қызметі.

Жүйеде «күту парағы» тетігі іске қосылған, онда бюджеттің болуына қарамастан реттік нөмір беріліп, мақұлданған өтінімдер келіп түседі. Осылайша бюджет фермер тарапынан қосымша іс-әрекетсіз тек «күту парағындағы» өтінімдер бойынша автоматты түрде бөлінеді. Бұл тәсіл қаражатты бөлудің ашықтығын қамтамасыз етеді және субсидияларды төлеу кезінде адами факторды болдырмайды.

(Дереккөздер: ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, Polisia.kz, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

САРАПШЫ ПІКІРІ



Елде саяси процесс жүріп жатыр. Алда Мәжіліс пен мәслихат науқаны болады. Бұған қатысуға

ниет білдірушілер жетерлік. 19 наурыздағы сайлауға биылдан бастап мажоритарлық жүйе енгізілді. Енді жекелеген азаматтар өз-өздерін ұсыну құқығына ие. Партиялық тізіммен өтетіндер тізімі белгілі болуда. Елге белгілі тұлғалар, қоғам қайраткерлері және жастар бақ сынап көрмекші. Бұл да жаңа әрі игі өзгерістің бастамасы деп иланамыз. Қоғам – әртүрлі. Ел ішінде сан түрлі пікір алуандығы болатыны рас. Ол заңдылық та. Бірақ ұстаным біреу. Ол – Әділетті Қазақстан. Осы бағыттан айнымау қажет. Сонда ғана әділ, берекелі, ашық қоғам орнайтыны айқын. Мемлекет ісі өрлеп алға басуы үшін ғылымды дамыту аса маңызды. Осыған дейін Әділетті Қазақстан құру жолында әртүрлі маманның ой-пікірін берген болатынбыз. Енді саяси оқиғалармен қатар қазақ ғылымының жай-күйіне, қордаланған мәселесіне тоқталамыз. Ғылым және жоғары білім туралы ой қозғаймыз. Осыған орай, Философия орталығының директоры, саяси сарапшы Серік НҰРМҰРАТОВТЫ әңгімеге тартқан едік.

ПАРЛАМЕНТ – ПАРАСАТТЫЛАР ОРНЫ

Саяси үдерісте жаңа буынның алмасуы қалыпты саналады. Ұрпақ алмасқан сайын жаңа қоғам құруға ниет те күшейеді. Бұл – қалыпты құбылыс. Қос шылбырды ұстайтын парасатты Парламент бәрімізге қажет.

Бұл жолғы сайлау үлкен серпіні сыйлайды. Өздеріңіз білесіздер, көп партиялы Парламент сайланғалы тұр. Оның үстіне 30% жеке адамдар сайланады. Яғни өзін-өзі ұсынып, жеңсе депутат атанады. Бұл көптен толғандырып жүрген мәселе-тұғын. Амандық болса, оның да шешімі табылатын түрі бар. Қанша дегенмен, жеке адам сайланса, ешкімге жалтақтай қоймас. Үміттің көбісі осы тарапта. Бірақ санаулы ғана жеке-дара депутаттар бәрін қатырады деген сөз емес. Мемлекеттік бағдарламаны бекітерде баршасы ұйысып, талқыласа... Оны бірнеше қайтара қарап, жүйелесе... Әбден оқылып, қаралып, кем-кетігі түзелсе ғана қабылдауға дауысқа қойылса екен. Міне, бұл шын жанашырлықтың белгісі болар еді.

Парламентке елге белгілі айтары бар азаматтар баруы керек. Материалдық құндылыққа бой алдырмаған таза адам керек. Тазалықты айтқанда хакім Абайды айналып өте алмаймыз. Яғни «толық адам» қажет. Ұлттық құндылықты жоғары қоятын жан керек. Адал, парасатты тұлғалар Парламентте болса, нұр үстіне нұр болмақ.

МӘСЛИХАТ БЕДЕЛІ АРТАДЫ

Әр елдің қуатты күші болады. Біздің әлеуметтік әрі экономикалық қуатымыз өңірлерге тікелей қатысты. Осыны өсте ұмытпауымыз керек. Өңір қуатты болсын десек, туған жерге жан-тәнімен берілгендер ел басқаруы тиіс.

Мемлекеттік маңызы бар Астана, Алматы, Шымкентте халық көп шоғырланған. Аймақтар өсіп-өніп, өркендеп келеді. Демек, бәсекеге қабілеттілік артуда. Яғни елдің ішінде мәслихат депутатына лайықты азаматтар көп деген сөз. Осылардың арасында бизнес, экономика, социологияның тілін білетін азаматтар сайлануы керек.


Әр іске белсенділік қалыптастырайық. Ол үшін мотивацияны оятайық. Әр өңірдің мәслихат депутаты болатын жанға қаржылық қолдау жасайық. Мүмкін тоқсанға бір мәрте сыйақы үлестіріп, жақсы мәселе көтеріп, оны шешкендерді де ынғаландырайық. Бәлкім, бонус берілсе, құбақп болар еді. Түптің түбінде жалақы мәселесін шешу керек шығар. Мәслихат депутаттарына да айлық тағайындап, көмекшіге «депутаттың көмекшісі» деген кәулік берілуі қажет. Өзірге мұндай құзырет Сенат депутатында ғана бар, «депутат көмекшісі» деген статус бар екен. Ал Мәжіліс депутатында жоқ. Қарап тұрсаңыз, «депутаттың көмекшісі» әжептеуір қызмет атқарады. Шетелде бұл заңмен реттелген. Тіпті, мәртебе. Осыны іске асырсақ, депутат тұрмақ оның көмекшісі де құлшынып жұмыс істейді. Қазір ерігіп жүрген ешкім жоқ. Барлығын әлеуметтік жағдай толғандырады. Осыны бір іздендіретін уақыт жетті.

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҒЫЛЫМ –

МЕМЛЕКЕТ ӘЛЕУЕТІН ЕСЕЛЕЙДІ



ТАБАНДЫЛЫҚ ПЕН ТӨЗІМДІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Кез келген күрмеуді шешуге болады. Алайда, оны шешудің оңтайлы жолы бар. Ол – білгір кадр. Саясатта «бәрін кадр шешеді» дейді. Байыптап, ойға салған адамға нені тұспалдап тұрғанымыз әу бастан түсінікті демекпіз.

Қазақстан унитарлы мемлекет. Яғни біртұтас ұлт, біртұтас қоғам деген сөз. Біркелкі қоғам қағидатын өзгерлерге қарағанда ғылым адамы көбірек ұғады. Сонау университет қабырғасынан көз майын тауысып оқу оңай емес. Күндіз-түні ілім жиып, ғалым болып қалыптасу екінің бірінің қолынан келмейді. Өйткені, ғылым табандылық пен төзімділікті талап етеді.

Қазақ мемлекетінің алғышарты – ұлттық идеология. Ал мұны іске айналдыру өзгені былай қойғанда, ғылым адамының шаруасы болса керек-ті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында академик, ғылым докторы, ғылым кандидатының пайдасы зор болды. Теорияны игермей, заң жазу мүмкін емес. Олай етсеңіз, шала-жансар бірдеңе туатын еді. Осы күні 1993 жылғы Ата Заңды қабылдауда 13 академик үлес қосты деп жүр. Арасында тәуелсіздікке қол қойған заңгер Салық Зиманов, егемендікті дүние жүзіне хабарлаған заң ғылымының докторы Сұлтан Сартаев, философия ғылымының докторы Жабайхан Әбділдин бар еді. Алып тұлғаларымыздың барлығы ҰҒА академиктері болатын. Әрқайсысы бір-бір тау тұлға-тұғын. Осылай әр саладан шыққан ғылым докторларын депутаттыққа өткізу керек. Бүгінде Гарвард, Оксфорд, Кембридж, қала берді, елдің беделді оқу орнында оқып, PhD доктор, профессор атанып жүрген жалынды жастар бар. Мүмкін соларға жеке-дара квота бөліп, депутат қылу керек шығар деп ойлаймыз.

Бір нәрсені тағы да нақтылап өтейік. Ғылым адамы тәп-тәуір менеджер болып, іліп әкете алады. Теория мен тәжірибе қатар ұштасқан ортада даму болады.

ҒАЛЫМНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ЖАҚСАРТАЙЫҚ

Дамыған державалар тарихына зер салсаңыз, біраз дүниенің байыбына барасыз. Шетелде ғалымның жағдайы жақсы. Ғылым жасап отырған адамды қатты бағалайды. Ал ғылым дамыса, мемлекет өркендейді.

Біз көп уақыт бойы ғалымдардың жағдайына зер сала қоймадық. Жұмыс істеп тұрған Ұлттық Ғылым академиясын таратып жібере жаздадық. Сөйтіп, қолдан мәселе жасадық. Бар проблеманы қаржыға тіредік. Жарайды, дербестіктің алғашқы 10 жылдығында экономикамен айналыстық. Кейін ахуал оңалды. Содан соң ғылымға азды-кем көңіл бөлдік. Қайтсек те ЖІӨ 1%-ын ғылым саласына бөліп жарытпадық. Небір құрдымға кеткен жобаға қаражат құйғанша, ғылымды өркендетейік.

Академик Сейіт Қасқабасов «Академияның болуы – мемлекеттіліктің белгісі» деп еді. Сол рас сөз. Әлемде Ұлттық Ғылым академиялары онша көп емес. Франция, Германия, Ресей сынды бірқатар алпауыт елдерде ғана

бар. Біз қолда бар ғылымды одан әрі дамытуымыз керек. Бір ғана гуманитарлық саланы айталық. Соның ішінде тарих, философия, әдебиет, археология, дін және т.б. зерттелмеген тақырып жетерлік. КСРО идеологиясымен зерттелгенге басқаша, жаңа қоғамның көзімен қарайтын кез туды.

Ғалым бала-шағасын қалай бағатынын ойлау керек. Ғылымға келу арманға айналса екен. Ғылыммен айналысса, баспана, балабақша мәселесі шешіліп, ең жоғары жалақы деңгейін алса дейміз. Сонда жастар келеді. Біз, бұрынғы докторлар, азайып барамыз. Орнымызды жастар басқанын қалаймыз. PhD дәрежесін алғандарға 70 мың қосылады. Бар болғаны ғылым кандидатымен тең. Сондай-ақ, «Академиялық дәреже» деп қана мойындалған. Бұрынғы жүйемен қорғаған ғылым докторлары 140 мың алады. PhD докторын бұрынғы жүйемен қорғаған ғылым докторларымен теңестіру қажет. PhD доктор дәрежесі үшін Қазақстандағы ең төменгі айлықтың 2 еселенгенін алып, 140 мың теңгеге жеткізу керек. Сонымен бірге, елдегі ең төменгі жалақы көтерілген сайын ескеріліп отырса екен. Магистрлер ғылыми дәреже деп танылып, айлығына кем дегенде бір 25% қосылса екен. Мектепке қосты. Ал ЖОО, ғылыми институтта оқытандарға түк те жоқ. Өркениетті, экономикасы қуатты елдерде ғалымдар 5–10 мың доллардан артық айлық алады. Көріңіз бе, қандай керемет! Дегенмен, осы деңгейге біртіндеп жетуге болады. Осыны кезең-кезеңімен іске асырсақ, ғылымдағы жастарға стимул болар еді.

SCOPUS – ҒЫЛЫМИ КӨРСЕТКІШ ЕМЕС

Әділ қоғам елдің бағы. Ал Әділетті Қазақстанда ғылымның салтанат құрғаны нағыз жетістік болар еді. Қазақ ғылымы құлашын кең жайса, өркендеу деген сол.

Біз ғылым адамы болғандықтан ғылыми үдеріс төңірегінде көбірек ой қозғаймыз. Өйткені, қоғамның ғылымсыз күні жоқ. Дүниеге танылған АҚШ, Жапония, Сингапурде ғылыми көрсеткіштерге үлкен мән береді. Оларда әр сала бойынша арнайы лаборатория жұмыс істеуде. Көріңіз бе, ғылымды жолға қойған. Нәтижесінде ол елдердің әлеуметтік-экономикалық қуаты еселеп артып келеді.

Бүгінде бір өте ыңғайсыз тенденция пайда болды. Дәлірек айтқанда, Scopus, Web of science дейтін шетелдік журналда мақала жариялау шарт. PhD қорғау үшін 25 процентиль, ал 3 жылдық гаранттық жоба жасауға 35 процентиль талап қылады. Мың жерден ғылыми жаңалық ашып, академик болсаңыз да, әлгі шетелдік журналға ғылыми мақала шығармасаңыз, ешкім емессіз. Ал ой еңбегімен оқулық, монография шығару түкке де еленбейді. Мұндай жалған рейтингпен қайда барамыз?! Ең болмағанда, осыған балама шығаруға болады ғой. Гуманитарлық ғылым, әсіресе, әдебиет, философия деген сала қазақтың рухын танытады. Тым құрығанда, әдебиетші, философ, дінтанушыларға Scopusке шығаруды міндеттеудің не қажеті бар?!

Ғылыми жобаларға 3 жыл уақыт аз. Кем дегенде 5 жыл берсе екен. Базалық жалақыға магистр дәрежесі бар жастар да қосылғанын қалаймыз. Үлкен қалада үйсіз-күйсіз, бірнеше жерде жұмыс істеу кімге оңай болсын. Магистратура, докторантура оқыса да, ғылыми институтта, университетте жұмыс істейтіндей, толық штатпен жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек.

Қазақ ғылымын өркендетіп, бір ізге түсірсек, небір жаңалықтың ашылғанын сонда көреміз. Шетелдің жоғары жалақысына жұмыс істеуге кеткен жастарды елге оралтар едік.

● ТҮЙІН:

Болашақ – білімдінің қолында. Ғылым мен білім дамыған жерде экономикалық өсім байқалады. Сонда ғана Әділетті Қазақстан құрамыз. Қасиетті Отанымызды дамыту – парыз. Қазақ елі әлеуетін мен әлеуметі келіскен державаға айналатын демекпіз.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ!

ҚАЗАҚТАЙ ДАРХАН ЕЛ БАР МА!..

нәубет жылдарды басынан кешірген этнос өкілдерінің аға буыны қазақ халқының көңілі мен мейірімін, бір үзім нанын тең бөліп жеген күндерін әлі ұмыта қойған жоқ

Ертең – Алғыс айту күні. Жалпыхалықтық сипатқа ие болған мереке елімізде жыл сайын ерекше сән-салтанатпен аталып өтеді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алғыс айту күні сонау аумалы-төкпелі заманда пейілі кең, дархан қазақ даласына еріксіз қоныс аударып, табан тіреген түрлі ұлттар мен ұлыс өкілдері Алаш баласына ризашылығын білдірумен келеді. Сәл шегініп тарих беттерін парактайтын болсақ, деректерде өзге ұлт өкілдерін Қазақстанға күштеп қоныс аудару саясаты соғыстың алдындағы жылдары басталғаны айтылады.

Пайымдауымызша, қазақ жеріне ешбір дүние-мүліксіз хәм дайындықсыз көшіп келген халықтардың жан сақтауы тек жергілікті ұлттың жанашырлығы мен мейірімділігінің арқасында ғана мүмкін болған. Жергілікті ұлт аштық нәубеті мен саяси қуғын-сүргін қасіретін басынан өткерсе де, қолындағы соңғы нанымен бөлісіп, тағдыр тәлкегіне түскен халықтарға ең қиын сәттерде қолын берген.

Мәліметтерге сүйенсек, 1936–1944 жылдары жер аударылғандарды қоса есептегенде, Қазақстанға 1 миллион 740 мың өзге этнос өкілдері көшірілген. Алғаш 1936 жылы поляктар мен немістерді жаппай депортациялау басталды. Ал 1937 жылы Қыбыр Шығыс аудандарынан кәрістер көшірілді. Дәл осы кезде Қазақстанға күрдітер, армяндар мен түріктер жер аударылды. 1943–1944 жылдары қазақ жеріне Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері – қалмақтар, балқарлар, шешендер, ингуштер, карашайлар мен түріктер келді.

Саяси жүйенің қаһарынан әбден жүдеген халықтарды мұнда аштық пен репрессиядан аман қалған жұрт қарсы алды.

Атамекенінен күштеп көшіріп, бір-ақ түнде тауар вагондарына тиіп алып, ашық далаға «төгіп» кетудің өзін көз алдыңызға елестетіңізші?! Жаныңды түршіктіретін жағдайды ойлаудың өзі қиын. Шарасыз күйге түскен халықты жатырмамай бауырына басқан қазақтай қамқор ел болған жоқ шығар, сірә! Сол тұста «Жетімін жылатапаған, жесірін қаңғытпаған» дана қазақ басына күн туған жұртқа жүрегінің жылуын берді. Қолынан келгенше көмектесті. Бір үзім нанымен бөлісті. Қилы заманда қазақ өлкесінен пана тапқан этнос өкілдері адам төзгісіз қиындықтарды бастарынан



● ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ӨЗАРА ҚҰРМЕТ ПЕН СЕНІМНІҢ МЕРЕКЕСІ

- Бұл мейрам – өзара құрмет пен сенімнің, мейірім мен ізгіліктің мерекесі.
- Бүгінде азаматтарымыз егемен елімізді дамытуға, қастерлі қазақ жеріндегі бейбітшілікті, татулық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосуда. Мен баршаңызға Отанымыздың өркендеуі жолында сіңірген жасампаз еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын.
- Тәуелсіздік кезеңіндегі табыстарға береке-бірліктің арқасында ғана қол жеткіздік. Бұл – егемен еліміздің баға жетпес байлығы. Сондықтан бұл қастерлі құндылықтар әрдайым айнымас темірқазығымыз болып қала берсін. Ішкі саяси тұрақтылық – әрбір қазақстанның зор жауапкершілік пен белсенділік танытуының нәтижесі.
- Қазақ жұрты қиын-қыстау кезеңде амалсыз қоныс аударған миллиондаған адамның құтты мекеніне айналды. Олардың өздері де, ұрпақтары да жерімізден пана тауып, өсіп-өніп, Қазақстанның дамуына зор үлес қосты.
- Біз біртұтас және еңбекқор ұлт болсақ, көздеген мақсаттарымызға жетеміз. Бәріміз бірге әділетті қоғам құрып, мемлекеттілігімізді орнықтыра түсеміз деп сенемін.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

кешіре жүріп, өздері және болашақ ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты. Қазақтың дархан көңілі мен мейірбандығының арқасында олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды.

Алғыс айту күнінің мән-маңызын бүгінгі жастардың түсіндіру аға ұрпақ үшін міндет әрі парыз. Өйткені, олар ата-бабасының өз атақонысынан қандай жағдайда көшіп келгенін сезінген жоқ. Ал сол нәубет жылдарды басынан кешірген қазақ халқының этнос өкілдерінің аға буыны көңілі мен мейірімін, бір үзім нанын тең

бөліп жеген күндерін әлі ұмыта қойған жоқ. Сол себепті де бұл күні әртүрлі ұлт өкілдері бір кездері қазақ жері олар үшін екінші Отан болғанын еске алып, ең қиын уақытта түсіністікпен қамқор болған қазақ халқына алғыс айтады.

Бүгінде миллиондар үшін құтты қонысқа айналған Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілі тұрады. Олардың әрқайсысының өз тарихы бар. Мереке қарсаңында этномәдени орталықтардың басшылары мен өкілдері өз естеліктерімен бөлісіп, жүрекжарды лебіздерін білдіріп, алғыс айтты.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

София
ДОЛИЕРАДУС,
грек ұлтының
өкілі:



«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН ҰМЫТПАҢДАР» ДЕП АЙТЫП ОТЫРАТЫН

130-дай ұлт пен ұлысқа пана болып, төрінен орын берген қазақтың жақсылығын қилы заманды басынан өткерген жан ешқашан ұмытпайды деп ойлаймын. Менің атам сол қорқынышты күндерді басынан кешірген жандардың бірі. Көзі тірісінде «қазақ халқының жақсылығын ұмытпаңдар» деп отыратын. Естеліктерін тыңдап отырсаң, жаның түршігетін. Далада қалып, ішерге асы болмаған соң қар суымен жүрек жалғапты.

Рас, егер қазақ халқының қамқорлығын көрмегенде бәлкім, біз бұл өмірде осылай өмір сүрмес пе едік... Қазір жасым 72-ге келді. Осы елде өніп-өсіп, өркен жайдым. Біздің түріміз бөлек болғанымен, тілегіміз бір. Сондықтан балаларым мен немерелеріме біздің ата-бабамызға көрсеткен жақсылығын үнемі айтып отырамын. Өйткені, қанша жерден мықты болса да жақсылықты ұмытуға болмайды. Қазақстанда тұрған соң қазақтың тілін де, дәстүрін де жатқа білеміз. Үйреніп алдық. Айналайын, мінездері неткен көркем халық дерсіз!

Біздің көршілеріміз қазақтар. Сол ата-бабасының қанымен берілген қасиет қой, ешқашан көмегін аяған емес. Қолынан келсе демеп жіберуге даяр тұрады. Басымызды, жасымызды сыйлайды. Кейде емханаға, дүкенге баратын шаруаларым болса, көршілеріме айтсам, қарсы келместен көмектеседі. Қазақтың «көршің жақсы болса, ұйғың тыныш» деген сөзін өзім үшін жаттап алғанмын. Міне, сол тыныштық менің шаңырағымда да бар. Өз бауырларымдай болған соң мен де қолымнан келгенше барыммен бөлісіп жүремін. Мен бүгін өткенге тағзым ете отырып, жер аудару кезінде көрсеткен көмегі үшін ҚАЗАҚ халқына рахмет айтамын. Мереке қарсаңында қазақстандықтарды мейірімділіктің, достықтың жарқын мерекесіне айналған Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

● АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Банадр ИСАЕВ:

ТІЛІМ ДЕ, ЖАНЫМ ДА – ҚАЗАҚ Шаңырағымызда бәріміз тек қазақша сөйлесеміз

Алғыс айту күні – сан түрлі сынақтан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айқындай түсетін ерекше күн. Тағдырдың тәлкегімен елімізге қоныс аударған түрлі этнос өкілдерін құшағы кең қазақ елі сол бір замандарда ыстық бауырына тарта білді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кейінгі уақытта қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің көбейгені де заңдылық. Сондай-ақ, еліміздің әскери құрылымында да, әскер қатарына шақырылатын жас сарбаздар арасында да қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдері жыл санап артып



келеді. Солардың бірі – 5571 әскери бөлімінің материалдық және техникалық қамтамасыз ету ротасының сарбазы Банадр Исаев.

Банадр нағыз қазақы өңір – Шымкентте дүниеге келген. Ұлты – әзербайжан. Көрші балалардың бәрі қазақ болғандықтан, ойын көрігін де қазақша қыздырған. Мектеп жасына келгенде ұлының қазақ тіліне деген қабілетін ескерген ата-анасы ойланбастан қазақ мектебіне берген. 2017 жылы отбасымен бірге Астанаға қоныс аударған. Ол жерде де қазақ мектебіне барып, орта мектепті сол жерде тәмамдаған.

Бытырғы мамыр айында Банадр әскери борышын өтеуге Ұлттық ұлан қатарына шақырылады. Бір айлық дайындықты толық көлемде аяқтап, әскери ант қабылдаған сарбаз жауынгерлік бөлініске бөлінеді. Қазіргі кезде әскери қызметті жете меңгерген сарбаз, бөлімдегі үлгілі әскери қызметші, сенімді дос, міндетіне адал жауынгер.

Әскерге дейін, Кавказ халқының биіне деген құштарлығымен, 6 жасынан бастап лезгинка биімен айналысқан. Бидің қыр-сырын жетік меңгерген Банадр 17 жасында Астана қаласында жеке би залын ашып, осы

би түрінен дәріс берген. Сондай-ақ, 18 жасынан «TikTok» әлеуметтік желісінде өзінің лезгинка биімен танымал болған.

– Өзім көпұлтты отбасынан шыққанмын. Отбасымыз украин, әзербайжан, түрік ұлтының өкілдерінен құралған. Шаңырағымызда бәріміз тек қазақша сөйлесеміз. Көршілеріміздің бәрі қазақтар болды. Ауасын жұтып, суын ішіп отырған елін құрметтейтін, қадірлейтін адам тілді де тез меңгереді деп білемін. Оңтүстіктің, оның ішінде қазақтың иісі аңқып тұрған Шымкенттің топырағы мен ауасы қазақ тілін еркін меңгеріп алуыма әсер еткен болар. Менің тілім де, дінім де, жаным да – таза қазақ. Мен өз елімде еркін өмір сүріп жатқаным үшін Қазақстан халқына, отбасымда мені шексіз жақсы көріп, бар мейіріммен тәрбиелеген ата-анам, мені қолдап, әркез қасымда жүрген достарыма, қаруластарыма және құқықтық тәртіп әскері – Ұлттық ұланға үлкен алғысымды айтамын. Жақындарымызға жақсылық жасап, бір-бірімізге алғыс айтып жүрейік, – дейді қатардағы жауынгер Банадр Исаев.

Банадрдың Алматыда өткеріп жатқан әскери қызметін аяқтауына үш ай қалыпты. Бағындырар белесі де, шығар шыңы да әлі алда деп білеміз. Біз оның отбасына аман-есен оралып, мақсатына жетуіне тілек қосамыз.



ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ

«АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ»

мерекесін жер-жаһан халықтары қалай тойлайды?



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Алғыс айту күні жақын-жуықтарымызға, көптен араласпаған таныс-тамырымызға хабарласып, жасаған жақсылығын еске алып, алғыс айту арқылы мерекені сезіну, сезіндіру өз қолымызда. Әлем елдерінде де Алғыс айту күні ерекше аталып өтеді. АҚШ және Канада халқы Алғыс айту (Thanksgiving Day) күнін қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтетін көрінеді.



Америкада атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшын отаршыларының бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан, губернатор Уильям Брэдфорд қоластындағылардың көңіл күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткереді. Рахмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі, ағылшындық отаршылар мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен.

Кейіннен, яғни 1789 жылы Джордж Вашингтон Рахмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялаған. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастархан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа әкеліп құяды. XVII ғасырдан келе жатқан әртүрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге шығып, думанды кештер ұйымдастырады.



Қытайлықтардың да бұл мерекені атап өтуі ерекше. Қытайлықтар үшін Алғыс айту мерекесі қыркүйек айының соңы мен қазанның ортасы болып есептеледі. Тіпті, кейде мұны «күз ортасындағы фестиваль» деп те атайды. Жиын-терім маусымының аяқталғанына қуанып, олар қуаншылық болдырмай,

астықты жинап алғаны үшін айдаһарға алғыс сезімін білдіреді. Қытайлықтар бұл мерекені отбасында ғана емес, тұтас деревня болып тойлайды. Балаларын әдемі киіндіріп, шеруге шығарады. Сосын кешкілік Айға қарап, келешек күннен жақсылықтың болуын тілейді.



Жапондықтар Алғыс айту күнін күзде, 23 қарашада салтанатты жағдайда атап өтеді. 1948 жылы Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліп, қалжыраған жапон билігі бүкіл бақ та, жақсылық пен дәулет те, тек еңбек арқылы келетінін халыққа осылай ұғындырған. Сөйтіп, күріш жиналған қара күздің 23 қарашасын «Еңбек күні» немесе Алғыс айту мерекесі деп жариялаған. Содан бері осы күні Күншығыс елінің тұрғындары еңбектің құдіреттілігі туралы айтып, бір-біріне алғыс сезімін білдіреді.

Бірақ Алғыс айту күнін тұтас мемлекет емес, бір қала тұрғындары ғана тойлайтын елдімекендер бар. Мысалы, Голландияда Лейлан қаласы тұрғындарының бұл мерекеге құрметі ерекше. Себебі, Америка жеріне алғаш аяқ басқандардың қатарында Лейлан қаласының байырғы тұрғындары да болған. Сондықтан ежелгі Америка жерін көріп келген Лейланның қарапайым тұрғындары осылай Алғыс айту күнін өз шаһарында да тұрақты өткізіп, дәстүрге айналдырып жіберді.



Либерия Америкадан қашық орналасқанымен, айтулы күнді атап өтуі өте ұқсас. Ерекшелігі, Либерияда қарашаның соңғы күні емес, алғашқы бейсенбісі күні тойлайды және күркетауық етінің жанында міндетті түрде кассава өнімі болады. Бақытты өмірі үшін алғыс айту шарасы дәл Америкадағы секілді өтеді.

Германияда алғыс айту мейрамын «Erntedankfest» атап, қазан айының алғашқы жексенбісі күні, егін алқабында тойлайды. Келесі жылы да егін осылай түсімді болсын деп ниеттеніп, тамаша табиғат (орман, көкөніс, жеміс-жидек) тарту еткен тағдырға алғыс айтады. Дастарханға жаңа піскен көкөніс, жеміс-жидек, дәнді-дақыл, Германияның дәстүрлі



тағамдарын, өзге де дәмді-тәттілерді қойып, атап өтеді. Осы азықтарды мейрам нышаны ретінде дастарханға қойып, көшеде фестивальдар өткізеді.



Израиль халқы да Суккот мерекесі – Алғыс айту күнін 3000 жылдан бері тойлап келеді. Шөл далада ауырмай-сырқамай, аман-сау өмір сүретініне тағдырға алғыс айтады. Көшеге шағын шатыр тігіп, жеміс-жидек, көкөністермен дастарханды әрлеп, отбасы мүшелері кешкі ас ішеді, барлығына алғыс жаудырады.



Корея елінде алғыс айту шарасы 15 тамызға қарай, Чхусок деген атаумен мерекеленеді. Мейрам үш күнге созылады, жол бойында жиын жасалады. Кәрістер ұлттық тағамын, сонпхьян атты күріш бәлішін дастарханға қойып, халықтық ойындар ойнайды.

Міне, әр ел өзінше тойласа да, мұның мән-мағынасы, тағылым алар тәрбиесі жетерлік. Сондықтан бір-біріңізге алғыс айтып, құрметпен қарап жүргеннің артықтығы жоқ.

(Дереккөз: Әлеуметтік желілерден).



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ТЕАТР – ЖАН ӘЛЕМІ

Сахнада халыққа ой салатын, неғұрлым ұлттық рухымызға жақын, өтімді дүниелер ғана қойылады

Есмұхан ОБАЕВ – актер, театр режиссері, театр қайраткері, профессор, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, Тәуелсіз «Тарлан» платина сыйлығының лауреаты, «Барыс», «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясының лауреаты.



– «Театр – бұл жан әлемі» деген екенсіз. Осы жайлы айта кетсеңіз.

– Біз режиссер болғандықтан, психологпыз. Менің қойған пьесаларымның бәрі адами процеске әсер ететіндей қойылған. «Театр – адам жанының зерттеушісі», театр күлкі үшін, не болмаса жылатуды мақсат етпейді. Сізді ойлаңдырып, ерекше сезімге бөлеу үшін құрылған. Тіпті, ойдың театры десек, артық болмас. Міне, біз осыған байланысты кадрларды даярлағанда қателік жіберген жоқпыз. Бүгінде адамдар рухани қажетін ойлап, театрға бет бұра бастады. Қазір қазақтың қарттары немерелерін ертіп қасадан билет алып тұрғанын көреміз. Сол қария залда отырып: «Қарағым, Абылай хан деген бабаң мына кісі. Абай деген абыз атаң ана кісі» деп жаңағы немересіне тарих тағылымын айтады. Қазіргі балалардың бәрі бірдей Абайды оқып жүргеніне күмәнім бар. Ал енді сол бала театрға келіп, үш сағат ойынды тамашаласа, Абай әлемін танып шығады. Абайдың ұлы парасатын, Мұқанның ұлы сөздерін санасына сіңіреді. Бүгінде драматургия қактығысқа құрылады. Сахнада халыққа ой салатын, неғұрлым ұлттық рухымызға жақын, өтімді дүниелер ғана қойылады. Міне, бүгінгі театрдың толағай жетістіктері – осы.

– Өнер ордасында жыл сайын үзілмей қойылып келе жатқан спектакльдердің сыры неде?

– Оның бір айтарлықтай сыры, сиқыры жоқ. Осыдан 20–25 жыл бұрын қойған спектакльдерім әлі күнге сахналанды. Кейде қалжындап «Спектакльдер өзім секілді қартаймайды» деп айтамын. Енді сенің сұрағыңа келер болсақ, бағана айттып кеткенімдей, спектакль адамдарға ой салуы керек. Пьеса құр жазылып қояды. Спектакль сол жазылған дүниенің терісін айналдырып шығарады. Тіпті, басты ойын өзгертіп жіберуге болады. Атмосферасын өзгертіп жіберуге болады. Автормен тайталасып, режиссермен тайталасып, көрерменге жеткенше илеуі қанып жетеді. Спектакльді шығару үшін тоғыз ай көтересін. Оны толғатып жүріп туамыз. Содан кейінгі оның бағасы көрерменнің қолында.

Ал артист деген сіздің бәйгеге қосқан тұлпарыңыз ғой. Тұлпарыңыз бәйгеден жеңіп жатса, онда ол сіздің еңбегіңіз. Ал бәйгеден келмей қалса, ол да сіздің осалдығыңыз. Талантты актерлар мен режиссерлар шоғырланған кез – ол театрдың бағы. Кезінде Әзекеңмен жұмыс істеген театрдың корифейлерінің кейбірі әлі театр сахнасынан түскен жоқ. Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Нүкетай Мышпаева, Торғын Тасыбекова, Құман Тастанбеков және т.б. Сол жылдары Нұрмұхан Жантөрин келмесе, Ыдырыс Ноғайбаев жоқ болса, бұлай болар ма еді, кім білсін?!

Құдай тілеуімді берді

– Өзіңіз қойған ең ерекше спектакль жайлы айта кетсеңіз.

– Енді көп қой. Оның қайсыбірін айтайын. Ерекшесі деп Төлен Әбдіктің «Ұры мен ұлы» спектаклін айтар едім. Ол бүгінгі күн. Қайнап тұрған қазіргі сәт. Онда да өткен мен бүгіннің диалогы, өкпе-наласы айтылады. Үлкендер жас буынды сұрықсыз, ез көреді. Кішілер өз болмысының болымсыздығына үлкендерді кінәлайды. Әркімдікі өзіне дұрыс. Әке ұрпағының өзіндей ұлы болмағанына, тыныш-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

тықта туған тұқымның, тәуелсіздік үшін күресіп кеткендердің жігерін сақтап қалмағанына қынжылады. Бұдан бөлек, «Қыз мұңы» деген спектакль болды. Онда 1986 жылы Республика сарайында «Желтоқсан» көтерілісіне қатысқан қыздың оқиғасы баяндалады. Елім, жерім деп өміренген қазақ қызының қайсарлығынан хабар береді. Сол кезде Тәуелсіздік үшін қаншама жастарымыз басын бәйгеге тікті. Солар жайлы қойылған спектакль әлі күнге сахналанды. Бұдан бөлек, қазақ қаламгерлерінің біразының шығармаларын қойдық. Оның барлығын санап шықсақ, санына жетпесізі. Еліміздің әр өңіріндегі театрларда қойылған спектакльдер мен үшін бір төбе. Өзіндік құрылысымен, ойымен ерекше деп айта аламын.

– Режиссерлікке қалай келдіңіз? Алғашқы спектакліңіз жайлы айта кетсеңіз?

– Өнер жолымды қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрынан бастадым. Ол кездері оқу бітірерде қаланың күллі жайсандары жиналып, студенттерді әр аймаққа бөлетін. Оның басы-қасында Әзірбайжан Мәмбетов ағамыз болатын. Сол кезде Сәбира Майқанова апайымыз «Мына «Ваня ағайды» ойнаған сары бала өзі сондай сұмдық. Мұны қалада әртис қылып қалдыру керек. Не қылады, режиссерді қоя береді ғой», – деп айтқаны себеп болды ма, әйтеуір көптің ішінен мені таңдап алды. Осылайша 1966 жылы 4-курс оқып жүріп, режиссерлік мамандығыммен спектакль қойдым. Ол енді менің бағыма деп ойлаймын.

ҚР Халық әртісі, ұлы актер Нұрмұхан Жантөрин мені ұстап алды да, «Әй бала, бері кел. Сені музыкальней дейді ғой. Сен давай, мына пьесаны қой. Мен саған «Жаяу Мұса» деген пьесаны беремін. Бұл Орта жүздің әйгілі Жаяу Мұсасы. Сен осыдан бастасаң Құдай жолыңды оңғарады. Мен қазір киностудияға кеттім. Әзірбайжанға өзім айтамын» деді де, қолыма ақ қағаз бен қалам ұстатып кетті. Міне, сол кезде түсірілген суреттер де бар. Сәбит Оразбаев қандай жап-жас жігіт. Торғын Тасыбекова қазір үйінде отыр. Кейбір әртістер о дүниелік болып кетті.

Осылайша өнерде жүргеніме 60 жыл болған. Осы жылдардың ішінде жылжып бір-ақ жерге бардым – «Семей театры» деген. Әдебиеттің, мәдениеттің ортасы. Ұлы қазақтардың, ұлы Алаштың ортасы деп айтуға болады. «Абайдың елі! Мұхтардың елі! Қасиетті ұлы жер! Е, Құдай, құдіретіңе көзім жетсін, қолдашы, қолтықташы мені, осы елден бақыт табуға көмектесші!» деп едім сонда тебіреніп тұрып. Құдай сол тілеуімді берген болуы керек, тұңғыш кәсіби театр өнері уығын қадаған ордада үлкен актерлармен бірге жұмыс істеп шыңдалдым, өстім, болашақ жарымды кездестіріп, отбасын құрып, балалы-шағалы болдым. Мәдениет министрлігі бір жылға барып келесің деп жіберіп, 20 жыл 1 күн, 15 сағат табан аудармай қызмет істедім.

Режиссер барда – театр бар, ол жоқ болса – театр да жоқ

– Өнерде жүрген жастарға көңіліңіз тола ма? Бір сұхбатыңызда жастарға көңіл бөлу маңызды деген екенсіз.

– Семейге барғанда жалаңаяқ, жалаңбас барғанмын. Шалбарымның артынан күн еседі. Барған бетімнен-ақ халық жылы қабылдады. Біз өмірде үй сатып алған адам емеспіз. Осы уақытқа дейін үкімет беріп келді. Сонда өнер бар жерде үлкен бір жеңіс бардай көрінетін. Ал қазір ше? Үй-күйсіз қаңғып жүрген жас актерлар мен режиссерді, өнер адамдарын көп көремін. Пьеса жазып жүрген балалардың тұрақты жұмыстары жоқ, ал жазған туындыларына мандымайтын қаламақы алады. Осыдан кейін олар қалай өнерге басыбайлы бет бұрады? Олардың материалдық жағдайы жасалмай, өнеріміз өркендейді деп айту қиын-ақ. Жаңағы айтып отырған жастардың тұрмыс жағдайы шешілсе, жақсы болатын еді. Содан кейін техникалық мүмкіндіктері нашар театрлар бар. Соларға да жөндеу жұмыстарын жүргізсе деймін. Семейге барғанымда 24 жасымда «Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағына ие болдым. Бұл дегеніміз, жас режиссерге сенім білдірген аға буынның сенімі.

Қазіргі жастарға көңілім толады. Себебі, бұлар ізденімпаз халық. Таңдамалы шығармаларын зерделеп алады. Бүгінде өнер ордасына жақсы кадрлар келді. Театр зерттеушілері, әдебиет майталмандары, сыншылар, философтар, тіпті психолог деген балаларымыз да бар. Әр театрда 10–15 шақты режиссерді кездестіресіз. Қазір режиссерлердің шалы менмін. 82-ден асып бара жатырмын. Бірақ көңіліме қарасам, әлі жас секілдімін.

– Режиссердің өмірі дегеніміз не?

– Жақсы адамдардың арасында өмір сүру үлкен бақыт. Немат Келімбетов деген жазушының бір шығармасы бар. Соның желісінде «Үміт үзгім келмейді» деген қойылым қойдым. Соның философиялық ойларында мынандай бір сөз бар – «Бақыт деген не?» дейді кейіпкер. Сонда «Бақыт деген бақытты адамдардың ортасында өмір сүру» деп үн қатады. Меніңше, айналанды қоршаған мейірімді, саған бағыт-бағдар беретін адамдар болса, сен үлкен жетістікке жетесің. Режиссердің жолы деген қызметіне, жұмысына, бағына байланысты.

Сондықтан Құдай маған бақ берген шығар деп ойлаймын. Өйткені, өмірімде Асқар Тоқпанов, Жұмат Шанин, Әзірбайжан Мәмбетов деген ұлы ұстаздарым болмаса, мен сол Кегенде тракторымды айдап, полицияның оқуымен жүретін едім. Міне, сол тағдыр мені театр әлеміне әкеп соқтырды. Театрдың ең қара күші, театрдың ары мен паспорты – режиссер. Режиссер бар кезде театр бар, ол жоқ болса театр да жоқ. Сөздің шыны керек, актер өзі жалғыз спектакльді қоя берер, бірақ ол режиссерсіз Гамлетті, Абайды ойнай алмайды. М.Әуезов театрына Ә.Мәмбетов сияқты режиссерлер келмесе және ол 20 жасында кіріп, 80 жасқа дейін осы театрды басқармаса, бұл театр қазіргі биігінде тұрмас еді. Сондықтан театрдың бағы да, соры да режиссерге байланысты. Режиссерден бағы жанған театр – бақытты театр.

– Әңгімеңізге рахмет!


Сұхбаттасқан
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



СҰРАҚ-ЖАУАП

ШЕТЕЛДІК АВТОКӨЛІК

оны заңдастырудың негізгі талаптары қандай?



ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қайсар Сұлтанбаев шетелдік автокөліктерді заңдастыру бойынша бірқатар сұрақтарға жауап берді.

Сұрақ: – 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген шетелдік автокөліктерді заңдастыру үшін қандай заңнамалық өзгерістер енгізілді?

Жауап: – Мемлекет басшысының шетелдік автокөліктерді бір реттік заңдастыру туралы тапсырмасын орындау мақсатында қажетті заңнамалық өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, автокөліктерді бастапқы тіркегені үшін төлем 200 мың теңге мөлшерінде белгіленді және кәдеге жарату төлемі алынып тасталды. Бұдан басқа, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін ел аумағына әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін төлем мөлшерін қолданудың және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінен босатудың қағидалары, шарттары мен мерзімдері бекітілді.

Ережелер ағымдағы жылдың 23 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді және осы күннен бастап шетелдік автокөліктер заңдастырыла бастады.

Сұрақ: – Автокөліктерді заңдастыру үшін қандай құжаттар ұсынылуы керек?

Жауап: – Заңдастыру үшін азаматтар: өтініш, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат, көлік құралын тіркеу құжатын, көлік құралына меншік құқығын растайтын құжатты өткізуі қажет.

Сұрақ: – Заңдастырылатын автокөліктерге қойылатын негізгі талаптар қандай?

Жауап: – Заңдастырылатын автокөліктер мынандай талаптарға сай болуы керек:

- Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген;
- іздеуде жоқ;
- басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша мемлекеттік есептен шығарылған;
- кедендік тазартудан өткен болуы тиіс.

Сұрақ: – Шетелдік автокөліктерді заңдастырудың алғашқы айының нәтижелері қандай?

Жауап: – Ағымдағы жылдың 23 қаңтарынан 22 ақпанына дейін 40 мыңнан астам көлік заңдастырылды. Тағы 85 мыңнан астам автокөлік алдын ала тексеруден өтіп, нөмірлік агрегаттары салыстырылып, одан әрі тіркеу үшін

жіберілді. Яғни бір айда 125 мыңнан астам автокөлік заңдастырылды.

Сұрақ: – Автокөліктерді басқа елдегі есептен шығару мәселесі қалай шешіледі?

Жауап: – Басқа елдегі соңғы тіркеу орны бойынша шетелдік автокөлікті есептен шығару – бұл қажетті шара, өйткені соңғы есепке алу орны бойынша автомобильдерге оны иеліктен шығаруға тыйым салынуы және шектеулер қойылуы мүмкін. Бұл ретте әрбір мемлекетте автомобильдерді есептен шығару тәртібі өздерінің ұлттық заңнамасымен реттелген. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ІІМ Ресей Федерациясының, Қырғызстанның және Арменияның құзыретті органдарына біздің азаматтардың тіркеу еліне баруын және көлік құралын ұсынуды қажет етпестен Қазақстан ІІМ-нің сұрауы бойынша автомобильдерді есептен шығару мүмкіндігін қарастыру туралы тиісті хаттар жолдады. Алайда, Қырғызстан мен Арменияның ресми органдары автокөліктерді қашықтықтан есептен шығару мүмкін еместігі туралы жауап берді. Біз бұл талаптарды бұза алмаймыз.

Сұрақ: – «Автоконструкторлар» деп аталатын, яғни елге көлік бөлшектері ретінде әкелінген автокөліктер туралы мәселе қалай шешіледі?

Жауап: – Заңдастыру процесінде елге қосалқы бөлшектер ретінде әкелінген автомобильдер анықталды. Бұл көліктер кедендік тазартудан және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы тексеруден өтпеген. Осы автокөліктерді сатып алған азаматтарымыздың жағдайын назарға ала отырып, қазір мемлекеттік органдар оларды Қазақстанда бастапқы тіркеуге алу тетіктерін әзірлеуде. Мұндай автомобильдерді заңдастыру туралы шешім қабылданды.

Сұрақ: – Тек сақтандыру полисі негізінде автокөліктерді заңдастыру мүмкін бе? Оларды заңдастыру үшін әкелу мерзімін ұзарту туралы не айтасыз?

Жауап: – Автокөліктерді сақтандыру полистері бойынша тіркеуге жол берілмейді, өйткені жылжымайтын мүлікті меншікке сатып алу мәселелері Азаматтық кодекспен реттеледі. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 235-бабына сәйкес меншік иесі бар мүлікке меншік құқығын басқа тұлға сатып алу, айырбастау, сыйға тарту келісім-шарты немесе осы мүлікті иеліктен шығару туралы құжаттардың негізінде иемдене алады. Шетелдік автомобильдерді әкелу үшін көзделген мерзімді ұзартуды тиімсіз деп санаймыз, өйткені бұл шаралар елге шетелдік автомобильдерді бақылаусыз әкелудің жаңа толқынына әкеп соғады. Азаматтарға заңдастыру бір реттік сипатта ғана болатыны ескертіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айыппұлдың жаңа түрлері пайда болады

Елімізде айыппұлдың жаңа түрлері пайда болады. Әділет министрлігі «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі.

Атап айтқанда:

- «Белгіленген қозғалыс жылдамдығынан асып кету» деп аталатын 592-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мәселен, көлік құралының белгіленген қозғалыс жылдамдығын сағатына 40-тан 80 километрге дейін арттырғаны үшін 20 АЕК (69 000 теңге) айыппұл қарастырылған.

- Ал қозғалыс жылдамдығын сағатына 80 және одан да көп км-ге арттырған жүргізушіге 40 АЕК (138 000 теңге) айыппұл салынады.

- Бір жыл ішінде жылдамдықты 80 км/сағ және одан артық арттырған жүргізушілер 60 АЕК (207 000 теңге) мөлшерінде айыппұл төлейді.

Сондай-ақ, «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жол қозғалысы ережелерінде көзделген қауіпсіздік белдіктерін немесе мотшлемдерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтамау» бойынша 593-бапқа да өзгерістер енгізілді. Онда жолаушыларды автокөлік кабинасынан тыс жерде тасымалдағаны үшін, сондай-ақ оларды көлік құралының терезе ойықтары мен люктеріне іліп қоюға, есіктерді ашып қоюға, қозғалыс кезінде басқа да осындай әрекеттер жасағаны үшін жазалауды көздейтін жаңа тармақ пайда болды. Бұл әрекеттер үшін 10 АЕК (34 500 теңге) көлемінде айыппұл салынды.

Заң жобасына енген барлық толықтырулар 13 наурызға дейін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҰЛТТЫҚ СПОРТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

Оны дәріптеу, дамыту, жаңғырту, болашақ ұрпаққа аманаттап қалдыру – маңызды міндет

Еуропада өркениет XV-XVI ғасырда қаттырақ қарқын алды. Ұлыбритания, Франция, Германия ғаламға әр сала бойынша үлгі көрсете бастады. Өздерінде барды дамытты. Экономикалық жағдайды жолға қойды. Бір сөзбен айтқанда, қарын қамын тойдырды. Әлеуметтік мәселе шешіліп, бір ыңғайланды. Барлық салада жетістікке қол жеткеннен кейін өздерінің өткен-кеткеніне қарайлады. Сөйтті де, ағылшындардың футболын алға оздырып, дәріптеді. Гректер күрес, француздар түрлі мәнерлеп сырғанау, гимнастикамен шұғылданды. Осылайша әрбірі әр спорт саласында жаңашылдық жасауға көшті.

Орталық Азияда қырғиқабақ текетірес беріге дейін тоқтамады. Соңғы 2-3 ғасыр дүрбелеңге толы болды. Ол жағы тарихта қалды. Дейтұрғанмен, соның салдары өз руханиятымызды жандандыруға мұрша бермеді. Қайта Еуропадан Олимпиада ұғымы санамызға сінді. Осының ішіне үйілсеңіз, таңқаларлық ештеңені аңғармайсыз. Сол баяғы жүгіру, секіру. Ал бірақ соларға қарап әуесің кетеді. Дүние жүзін дүр сілкіндіретін додалар таңданыс тудырмай қоймайды. Көрерменге насихаттап, көруге қызықтыратыны соншалық, үлкен стадиондарға билет алмасаңыз, бәрінен құр қалғандай сезінесіз. Атағынан ат үркетін спортшыларды көруге келетіндер қалтасындағы соңғы тиынның ондай жерден аямайды. Ессесіне, әлгі елдер қаржыға қарқ болады.

Ғалам Батыс елдеріне қарап бой түзеуде. Барша ғажайып сонда сияқты. Солар айтты, бітті заң. Басқалай әрекетке жол жоқтай. Ең бастысы, Батыс білгірлері өз рухани құндылықтарын, спортын насихаттауға әрдайым ниетті. Сол ниеттерін іс жүзінде жүзеге асыруда. Соның нәтижесінде спорттың әр саласы идеологиялық құрал және пайда екенін әбден меңгерген.

ҚАЗАҚЫ САЙЫС

Жаһан державалары әлдеқашан спорттың адам баласына берері көп екенін түсінген. Сол бағытта бірнеше онжылдыққа түзілген жоспарлары да жетерлік. Дәп осы қағиданы ұстанатын шақ қазақ жұртына келгенін байқап тұрмыз. Жоғарыда әртүрлі спорттың шығу шежіресіне арнайы мән бердік. Кейбірін зерделедік. Кәделі жақтарымен ой бөлістік. Астарлап талай нәрсені қаузап өттік. Бұдан шығатын ой біреу. Мейлінше қазақтың спорт ойындарын дамытқан абзал.

Ұлттық спортымыз өзгелерден кем емес. Тіпті, артық тұстарымыз бар. Бізде күш сынасудан бастап, интеллектуалдық ойындарға дейін бар. Ақыл мен білек күшін қатар да сынауға болады. Санамызға осылардың кейбірі ғана сінген. Мәселенки, тек күрес, бәйге, көкпарды білеміз. Санаулы спортымызды ғана ойнай беретін сияқтымыз. Ал шын мәнінде, уақыт басқа нәрсені талап етуде. Негізінен, өшкенімізді жағатын, ескіні жандандыратын кез жетті.

Қазақта спорт ойындары жетерлік. Соның біразы тоталитарлық езгі кезінде жойылды. Қылышынан қан тамған қызыл империя бұрынғыны жадымыздан сызуға тырысып бақты. Тікелей мәңгірттендірумен айналысты. Ескілікті, бұрынғы әдіс-тәсілді, түрлі сайыс түрлерін білетіндер азайды. Мұның соны бүгінгі келенсіздіктерге соқтырды. Десе де, ел арасында өз спорт сайысымызды білетін кісілер табылады.

Осы күні бірнеше сайыстар қайта ұйымдастырылуда. Үлкен турнирлер өтуде. Бірақ Қыз қуу, Теңге ілу, Жамбы ату, Аударыспақ сынды т.б. спорт түрлерін жаңғырта беру керек. Осылардан өткізілетін турнирлер аз. Елге шығып, арнайы экспедиция ұйымдастырған дұрыс. Оның құрамында спорт сарапшылары, этнограф, фольклортанушы, тарихшы ғалымдар, қоғам белсенділері болғаны жөн. Осылайша қазақтың спортын дамытуға болады. Әр сала білгірлері бірлесіп қимылдаса, жақсылық еселенеді.

Спорт – мықтылардың сайысы. Оған еркі мен жігері жеткендер барады. Соның ішінде ішкі рух, ынта сайрап жатуы керек. Сонда ғана түпкілікті нәтижеге қол жетеді.



НАСИХАТТАУ ЖАҒЫ ЖЕТІСПЕЙДІ

Қазір ғаламтор заманы. Тораптың тілін білгендер озып тұр. Олардың бәсі әлемде жоғары. Соның арқасында спортқа деген қызығушылық артып барады. Мұның тиімділігін қолдану ауадай қажет. Жарты әлемді ғаламтор шырғап тұр. Өркениетті елдер интернетті тәп-тәуір идеология құралына балайды. Соның арқасында ойға алған дүниенің бәрін жасауда. Тауарлық байланыс құралдарын, теледидар, әлеуметтік желіні ашсаңыз, шетелдің спортынан көз сүрінеді. Гимнастикамен шұғылданды, бокс, күрес, су спорты, секіру, алыс және жақын қашықтыққа жүгіру – барлығын көрсетеді. Арасында өздерінің тауарларын жарнамалап үлгереді. Былайша айтқанда, Медиа-кеңістік, Медиа-менеджмент жақсы жолға қойылған.

Қазақтың ұлттық спортын дамытуға насихаттау жағы жетіспейді. Ауызбен жан бағамыз. Іс жүзіне шорқақпыз. Ғаламтор түгел өзгеге тәуелді. Біздің медиа-контент дамымаған. Бір ғана спортты көрсететін телеарна бар. Бірлі-жарым спорт басылымы, сайт жұмыс істеуде. Нақты іске әлі көше қоймадық. Спортшылар жетістігін насихаттауға келгенде, енжарлық көрсетеміз. Содан кейін Мессеи, Мбаппеге қалай қызықпайсыз?! Біз өзара ықпалдастық деген нәрсені естен шығардық. Қай жерде, қандай сайыс өтуде, оны зерделеп жатпаймыз. Бір сайт екіншісіне сілтеме береді. Ал халықаралық жарыстар, Азия чемпионаты, Еуропа кубогінен қалыс қалып жүреміз. Дәл солардай дәріптеуді тоқтатпайық.

Түркі халықтарына ортақ ойынның бірі Көшпенділер ойындары. Оны қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, түрік, әзербайжан бәрі бірлесіп өткізеді. Бұл жағынан келгенде алдамыз. Ендігі кезекте түркі халықтарына ортақ спорт телеарнасы, спорттық бағдарламалар болуы керек. Жаңадан өсіп келе жатқан спортшыларды насихаттап, жеңісін жұртқа көрсетейік. Ел өз мықтыларын тани түссін. Құру алдында тұрған ұлттық спортымызды сақтаудың бұл бір жолы деп білеміз.

ҮЙРЕТЕЙІК

Дүниеде әр нәрсе үйретуден тұрады. Бір нәрсені екінші біреуге үйрете алса, іске асады. Бұл қағида қағазда жазылмаса да, ойдың түкпірінде тұр. Ал спорт нағыз үйрену мен жаттығудың ордасы. Бүгінде ұлттық спортты білетіндер қатары сиреді. Бұрынғыдай екінші бірі аударыспақ, қазақша күрес, итжығыс, жауырынды жерге тигізу ережелерін біле бермейді. Көбіміз тірліктің қамына кірістік. Артық қозғалуға шамамыз қалмай барады. Осы олқылықтың орнын толтыру қажет.

Біздің балалар шетелдің спортшыларын беске біледі. Ережесін айтқанда таңдай қағамыз. Өздері ойнаса, сүйсіндіріп жіберуі мүмкін. Алайда, ұлттық спорттан хабары шамалы. Тіпті, үлкендеріміз де ұмытқан. Осыны түзеу үшін арнайы орталықтарда өз спортымызды егжей-тегжейлі үйреткен абзал. Білетін азайған сайыс, неше түрлі спорт ойындары жоқ болып кетеді. Қазақ ертеңді ойлайды. Болашақты бағамдап іс қылады. Дәп сол іскерлікті жасайық. Балаларымызды ат спортына, ұлттық интеллектуалдық дойбы, тоғызқұмалақ ойындарының үйірмелеріне берейік. Сонда сең қозғалады.

Жастар – болашағымыз. Дені сау ұрпақ қалыптасу үшін атын білмейтін шетелдік спортқа баланы сүйрегенше, өз спортымызды өркендетейік. Біздің балаларымыз алғыр. Қаракөздеріміздің санасы интернетпен улана қоймады. Осы сәтті ұтымды пайдаланып, спортымызды білетін, қазақша жаны ашитын патриот азаматтарды қалыптастырайық. Өйткені, уақыт өз дегенін жасайды. Ертеңгі күніміз жарқын болсын десек, әрбір бала ұлттық спортымызды ойнап, үйреніп, жаһандық дода тізіміне қосуына бар жағдайды жасайық.

ЖҮЛДЕ ҒАМ ПАЙДА

Әр істің нәтижесі болады. Спортта да солай. Себебі, спорт сайыстарын сүйіп көретіндер саны жыл санап артуда. Демек, бұл жақта қаржының негізгі көзі жатқаны анық. Ұлттық спорт нағыз жүлделі жер. Спорт сарапшылары әрдайым қазақтың спортын әлемдік додаға енгізудің жол-жоралғысын айтып келеді. Бұған интернеттегі бәсті қосуда. Жас азаматтар, MMA, UFC, футболға бәс тіккенше, өзіміздің ахуалды ойласа екен.

Біздіңше, Көкпар, Бәйге, Теңге ілу, Қыз қуу, Жаяу жарысты дамытуға жұртты қызықтырудың бірнеше жолы бар. Егер жарнамасы асып тұрса, сайыскерлер мықты өнер көрсетсе, нұр үстіне нұр болмақ. Ондай жағдайда жүлдеге қомақты қаржы тігіледі. Аса ауқатты олигархтар әр спорт түріне қаржы құяды. Соның нәтижесінде әлем қазақтың ұлттық құндылығын таниды. Бұл кәдуілгі пайда деп санаймыз. Қай сайысымызды алсақ та, өте қызықты. Бәріне көрермен жинауға болады. Тек осының басын қосып, жүйелесек болғаны. Сырттан келетін туристер ипподромнан біздің спортты көруге көптеп жағдай жасалса, шетелдіктер құлақтанады. Ал бізге керекі де осы емес пе, ағайын?!

ТҮЙІН

Дүниеде ғаламатты орнататын адам. Арманды шындыққа айналдыратын да жұмыр басты пенде. Спортшы болып өнерімен тәнті ету бір бөлек. Өз құндылығымызды баршаға паш ету ерлік деп айтар едік.

Қазақтың қай спорты да керемет. Бәрі адамның денсаулығына ыңғайлап жасалған. Аса бір мұрын қанайтын ештеңесі жоқ. Ең бастысы, өзіміздің жарыстарды ұйымдастыратын уақыт келді. Осы жолда атқарар шаруа баршылық. Негізгісі, жәдігер мұралар ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыруы тиіс. Сонда ғана тегеурінді елге айналамыз. Қазақтың ұлттық спорт ойындары өркендеп дами берсін!

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





КОНКУРС

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№1 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос азаматтық қызмет лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Үміткерге қойылатын талаптар: дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жоғары білімі және профессионалды дайындығы, бойынша кәсіпорынның профилине сәйкес басшылық қызметте және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымында («Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Өңгімелесуге жіберілген үміткерлер, Алматы қаласы Спорт басқармасында мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44, 3-қабат.

Анықтама телефондары: 8 (727) 292-41-00.

КӨҢІЛ АЙТУ



Алматы қаласы «Балалар жұқпалы аурулар ауруханасының» ұжымы бас дәрігеріміз Сералин Ержан Болатбекулына қадірлі анасы **Советсия МАКАТҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына көңіл айтамыз. Бұл орны толмас қазада сіздердің қайғыларыңызға шын жүректен ортақтастығымызды білдіргіміз келеді. Апаымыз адал жар, үлгілі ана, бақытты әже, мейірімді жан, кімге де ақылшы, дос бола білді. Кен пейілді, ақ жүректі, жаны жайсаң қазақтың бетке ұстар адал азаматшасы еді. Білім саласының дамуына үлес қосып, мектепте білікті-білімді еңбегімен қызмет еткен ұлағатты ұстаз, оқу-ағарту жолында зор еңбегімен елінің жүрегінде мәңгі сақталады. Алла аяулы анаңыздың жанына тыныштық беріп, жәннаттық етсін!

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



ЖОЛ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Алматы қаласының әкімдігі жол төсемінің істен шығуына байланысты мердігер ұйым-ға шағым түсірді.

Еске салсақ, осы учаскеде 2021 жылы «Алвис» ЖШС компаниясы су құбыры және кәріз желілерін салу жұмыстарын аяқтаған болатын. Кепілдік міндеттемелері аясында компания ақауларды, өзге де кемшіліктерді жоюлары тиіс болатын.

Бүгін Алматы қаласының Түркіб ауданындағы Топчиев көшесінде жол төсемі істен шыққан. Мамандар ол жерге барып, арнайы тексерген кезде оқиғаның жауын-шашынның салдарынан жиналған судың топырақты шайып кетуінен әрі қардың еруінен болғандығын анықтаған. Алайда, құбырдан зақым табылмаған, ал су беру штаттық режимде жүзеге асырылуда.

Басқарманың ақпараты бойынша, жағымсыз оқиғадан кейін бір күн ішінде «Алвис» ЖШС компаниясы орын алған олқылықтарды қалпына келтірді. Ағымдағы жылдың сәуір айында ауа райы қолайлы болған кезде асфальтты төсемді толығымен қалпына келтіру жоспарлануда.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерін шығарушы және меншік иесі – «Alatau Aqparat» ЖШС мерзімді басылымдарды тарату саласында тәжірибесі бар қызметкерді жұмысқа шақырады. Жұмыс штаттық кестеге сәйкес, тұрақты жалақы, 5 күндік жұмыс күні және жоғары көрсеткіштер үшін бонустар бар. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 701 755 97 49.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҮОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне **ЖАРНАМА** беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ALATAU AQPAPAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы – **Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**

Қабылдау бөлмесі: 232-36-61.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР** тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР** тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Коммерция бөлімінің жетекшісі – **Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел.: 232-36-51. e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері – **Алия ЕСИМХАНОВА** тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Alatau Aqparat» ЖШС. alatauaqparat@mail.ru Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



МЕЙІРІМДІЛІК МЕРЕКЕСІ

Қазақбай ТАШТЕМІРҰЛЫ,
Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі,
философия ғылымының докторы:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА БАСЫМДЫ ИІП АЛҒЫС АЙТАМЫН



Ең алдымен, Қазақстандағы 350 мыңнан астам өмір сүріп келе жатқан түрік халқының атынан қазақтың киелі, қасиетті топырағына, сол жердің мемлекет құрушы заңды иесі қазақ халқына алдында басымды иіп, алғыс айтамын.

Біздердің аға буын өкілдерінің түсінігінде қазақ халқы – ұлы халық, оларға деген алғыс сезіміміз шексіз. Дана халқым, дара халқым, тарихыңа тағзым, тағдырыңа салауат айту қашан да қасиетті парызым. Қырық төртінші

жылдың аязды қысы әлі де ата-бабаларымыздың есінде, ұзақ жолдан азып келген бабаларымызға қазақтың аналары ана болды, аталары ата болды. Аузындағы бір үзім нанын қак бөліп олардың аузына салды. Өздеріне тапшы киімдерін кигізіп, үйлерінің төрінен орын берді. Қолынан келген жақсылықтарын аяған жоқ. Сол қиын-қыстау кезеңде қоныс аударған осыншама ұлт пен ұлыстардың, этностардың бұл дүниеден халық болып, ұлт ретінде мүлдем жойылып кетпеуі және бүгінгі осындай жақсы күнге жетуі – дархандығы даласымен өлшенетін қазақ халқының кеңдігі мен жомарттығының арқасында дер едім.

Алғыс күні Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. Алғыс айту күні қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл күн – мейірімділік пен ақкөңілділік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні. Бұл атаулы күн еліміздегі ең жарқын мерекелердің бірі болмақ.



Асылы ОСМАН,
ҚХА мүшесі, қоғам қайраткері:

«МӘҢГІ ҚАРЫЗДАРМЫН!»

Мен қазақ халқына мәңгі қарыздар жанның бірімін ғой. Мен қазақ халқына тек бұл күні емес, күн сайын алғыс айтып отыратын адаммын. Қазақ бар жерде мен бармын. Қазақ халқына деген махаббатымды «Қазағым барда мен бармын» деген кітабыма сыйдырдым ғой деймін. Кітапқа сыймағаны жүрегімде тұр.

Жалпы, «Алғыс айту» деген жақсы ғой. Қазақстан Ассамблеясының 2015 жылдың 24 сәуірдегі XXII сессиясында №173 Жарлыққа қол қойылып, «Алғыс айту күні» белгіленген еді. Бұл күн – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. Бұл бастаманы мен де қуана құптадым. Осылайша «Алғыс айту» күні 2016 жылы тұңғыш рет атап өтілді. Содан бері үрдіске енді. Алғыс сөзінің мағынасы кең. Оны барлығымыздың ұққанымыз абзал дер едім. Алғыс деген сөздің өзі ізгі ықылас, жақсы ниет, адал пейіл дегенді білдіреді. «Алғыс айту» күні бір-бірімізге жақсы ниет таныта білгеніміз жөн.

«Алғыс айту» күнін мерекелеу жаңа дәстүр, өз кезегінде «Мәңгілік ел» бірлігін ортақ, тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мәні-мәтінінде қазақстандық құндылықтарды да нақты бейнелейді. Меніңше, бұл күнді қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Өйткені, бұл бізді бұрынғыдан гөрі жақындастыра түсері анық. Бұл – мейірімділіктің бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі болары хақ. Осы күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көп этносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады.

Алғыс айту күні ең алдымен қазақ халқына ізгі ықылас танытып, жақсы ниет білдіруіміз керек. Елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісім салтанат құрған күн. Бұл – тағдыр тәлкегімен қазақ еліне, жеріне еріксіз қоныс аударылған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты мекеніне құтты қоныс болған қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі.

Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді. Бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасында адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Алғыс айту күні күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек еткен бар азаматтарының бір-біріне құрмет көрсететін күні. Алғыс айту күні «дархандығы даласынан дарыған, тектілікке бабасынан жарыған, кең қолтық, ізгі ниетті, жомарт «қызыл құмды қызығым, қара құмды қарағым» деген ең ақыры, бетбақ шөл даланы да «мырзашөл» деп атап, Сталин жылатқан жұрттың көз жасын құрғатып, қазақы әуезді үн қатқан қазағым алғыс айтуды өзіме міндет деп санаймын.

Сол сияқты, өзге ұлт өкілдерінің де қазақ халқына алғыс айтқанын жөн көремін. Қазағым қиын кезде адалдығын танытып, біздерді паналатып, қамқорлық жасап, көмек көрсетіп, асақтатып, бауырына басып, осы дәуірге жеткізді. Ізгі ниетін білдіріп, жылы лебізімен жан жылытып, бөліп-жармай, бірлікте жетелеп жеткізді. Жетекке көнген отауы бөлек, отаны бөлек отандастарыма да алғыс айтамын. Қазаққа деген алғысымды айтып, сонау 1989 жылы «Қазақ халқына мәңгі қарыздармын» деп мақала жазғанмын. Репрессия мен жер аудару жылдарында қазақ халқының көрсеткен қамқорлығы мен мейірімі, ақ көңілі мен қолындағы барын бөліскен халықтың көмек көрсету сынды рухани дәстүрлі күндері мол болсын. Дархан халықтың ұлттық мүддесін сақтайық. Қазақ халқын бәрінен жоғары қойып, ұлыларын ұлықтап, тұнық көңілін ұғайық. Ақ пейілді халықтың көңіліне дақ түсірмейік!

Өзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Досбол АТАЖАН.

Әлімжан ХАМРАЕВ,
ҚХА мүшесі, ф.ғ.д.:

БАҚЫТТЫ БАҒАЛАЙ БІЛҮГЕ ШАҚЫРАМЫН

Қасиетті Қазақстан бәрімізге ыстық. Әрбір тауын, тасын сүйеміз. Кең жазира дала қандай керемет! Өзен-көлдері, аспанмен таласқан асқаралы шыңдары алыстан көз тартады. Осы көріністің бәрін бауырына сыйдырып тұрған Ұлы дала ғажап! Бұл біздің ортақ қарашаңырақ саналады.

Егер сіз АҚШ, Канада, Мексикада ғұмыр кешсеңіз, сол елдің заңын құрметтейсіз. Заңына бағынасыз. Тілі мен ділін үйренесіз. Тұрғындарын құрметтейсіз. Осындай құндылықтарына ден қойсаңыз, сыйлы болып өмір сүре аласыз. Мұны аса зор құрмет тұтатын қағида деп түсінсе артық болмас. Өйткені, жер-жаһан күллі адамзатқа ортақ. Бәріміз толеранттылық пен бірлікті сақтай алсақ, озамыз. Биік белестерге қол жетеді. Дүниені тыныш етіп ұстап тұрған өзара түсіністік пен ынтымақтастық. Осы аталғандар әр жерде бой көтерсе, еліміз қарыштап дами түседі.



Үлкендер үнемі тыныштықта ғұмыр кешуді армандады. Сол бағытта берекелі тірлік қылды. Әрдайым көрші-қолаңмен тату отырды. Бір-біріне көмектесті. Қолдан келген жақсылықты жасады. Ешкімді алаламады. Соның нәтижесінде бақытты өмір сүре білді. Біз үлкен кісілердің осындай игі істерін көріп-біліп өстік. Көп өсиетін тындадық. Біршама нақыл-

ды көңілге түйдік. Осы күні ата жолын жалғап, өз перзенттерімізге айтып келеміз.

Қазір жастарымыз шеттен оқып, жұмыс тәжірибесін игеріп келуде. Қанша дегенмен, сырттан көргендердің көзі ашық болады деп ойлаймыз. Кім екеніне қарамай барлығы халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту жолында аянбай еңбек қылса дейміз. Ел арасында ынты-шықтысымен беріліп, жұмыс істеп жүрген жастар баршылық. Соларға қарап болашағымыз жарқын болатынына көз жететіндей. Лайым солай болғай. Қазақ халқында «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» дейді. Міне, бұдан артық асырып айтуға сөз жоқ шығар. Үлкен ақыл-кеңесін айтса, кіші тілді алса, татулық, бірлік деген сол ағайын.

Біздің арман – біреу. Әр азамат өз Отанына адал іс қылса. Елдің әлеуметтік экономикалық дамуына үлес қосса екен. Себебі, әрбіріміз бақытты болуға лайықпыз. Жан-ұямызда береке мен бірлікті ту етейік. Қастерлі қазақ жері бар-шамызға пана болуда. Осы бақытты бағалай білуге шақырамыз. Барлығымыз Қазақстан деген бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатқанның кейін елдің жақсылығы мен қамқорлығы үшін Алғыс айту – парызымыз. Елімізде тыныштық пен бейбітшілік салтанат құра бергей!

Любовь НИ,
Республикалық кәріс театрының директоры:

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТАҒЗЫМ»

Қазақ деген ғажап халық қой. Осынау кең пейілді, ақжарқын халыққа бүкіл кәріс халқының алғысы шексіз. Біздің кәріс ұлты қазақтарға деген алғысымызды ең алғашқылардың бірі болып білдіріп, Үштөбе қаласының төрінен «Қазақ халқына тағзым» деген үлкен ескерткіш қойдық.

Сонау қиын жылдары кәрістердің де басына құлт үйірлі. Алыстағы кәрістер Қазақстанға жер аударылып, бұрын-соңды көрмеген өлкенің дәмі бұйырды. Сондай қиын кезде қазақ халқы кәрістерге құшағын ашып, бауырына басты. Біздің «Коре ильбо» деген газе-

тіміздің ұжымының да бір бөлігі Қызылордаға келеді. 1937 жылға дейін газет Ресейдің қиыр шығысында сол аумақта тұратын корейлерге арналып шықса, алғашында облыстық мәртебеге ие болған газет бірер жылдан кейін республикааралық деңгейде – Қазақстанда ғана емес, Кеңес Одағының барлық республикаларында жарық көре бастады.

Биылғы жылдың 1 наурызында «Коре ильбо» республикалық кәріс газетінің алғашқы санының жарыққа шыққанына 100 жыл толады. Аталмыш басылым бұл күні Қазақстанның бүкіл медиа



кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Жүз жыл бойы ұлттық мәдениет ошағын сақтап келдік. Бұл жерде кәрістердің патриотизмі ғана емес, қазақ халқының адами қасиеті үлкен рөл атқарады деп ойлаймын. Кәрістер жер аударылғанда дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылды. Сол Отанынан тыс кәрістердің мәдениет ошағы, яғни театры тек Қазақстанда ғана бар.